



САҒАТ ТІЛІН АРТҚА ЖЫЛЖЫТТЫҚ

Бүгіннен бастап Қазақстан бірыңғай уақыт белдеуіне көшті

10

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №18 (6469) 1 наурыз, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

МЫЗҒЫМАС ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕРЕКЕСІ

Еліміз үшін көктемнің алғашқы күні «рахмет» сөзінен басталады

Бұл мейрам – өзара құрмет пен сенімнің, мейірім мен ізгіліктің мерекесі. Қазақ жұрты қиын-қыстау кезеңде амалсыз қоныс аударған миллиондаған адамның құтты мекеніне айналды. Олардың өздері де, ұрпақтары да жерімізден пана тауып, өсіп-өніп, Қазақстанның дамуына зор үлес қосты. Бұл күні біз елді оркестретін тату тіршілік пен жарасымды сыйластық жолындағы ниетіміздің тоғысқаны үшін бір-бірімізге алғыс айтамыз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Қазақстандықтар үшін көгілдір көктемнің бірінші күні «рахмет» сөзінен басталады. Себебі, 1 наурыз – Алғыс айту күні. «Рахмет» – жанды жылытып, көңілге нұр құятын салауатты сөз.

Алматы қаласы Мемлекеттік архивінде мегаполистің «Қоғамдық келісім» этномәдени қоғамдық бірлестік өкілдері мерекеге орай «дөңгелек үстел» басына жиналып, «Алғыс айту – асыл қасиет» тақырыбында емен-жарқын әңгіме өрбітіп, ой-пікірлерімен бөлісті. «Дөңгелек үстелдің» мақсаты – Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қорын үнемі толықтырып отыру үшін этномәдени бірлестіктермен, орталықтармен тығыз қарым-қатынас орнату, осындай рәуіштегі кездесулерді жиі өткізіп тұру.

8-9

МАҢЫЗДЫ БАҒДАРЛАР

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Наурызбай ауданының тұрғындарымен кездесті



Жиын басында ауданның өткен жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын баяндаған мегаполис басшысы биыл Наурызбай ауданының құрылғанына 10 жыл толатынын тілге тиек етті. Сонымен қатар, былтыр қаланың ең жас ауданы дамудың оң көрсеткіштеріне қол жеткізгенін де ерекше атап өтті.

Жиында белгілі болғандай, тұрғындар тарапынан түсетін көкейкесті мәселелердің бірі – ауданның инфрақұрылымдық жағдайы екен. Бұл ретте тұрғындар ауданды көріктендіруге байланысты бірқатар ой-пікірлерін ортаға

салды. Соның ішінде, аудан бойынша көшелерді жарықтандыру, ауызсу, қоғамдық көлік, т.б. мәселелер бар. Сондай-ақ, үй кезегіне, балаларға арналған үйірме орталықтарына қатысты сауалдар қойылды.

4

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

1.03.2024

Түнде:

-8-10 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

0,+2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

2.03.2024

Түнде:

-7-9 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

0,+2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz





САРАПТАМА

Президенттік Жастар кадр резерві:

ЖАҢА ФОРМАЦИЯДАҒЫ БАСШЫЛАР

Олардың қызметке келуіне не кедергі?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы сайлауалды бағдарламасында «Президенттік Жастар кадр резервін» құру туралы бастама ұсынған еді. Міне, содан бері 5 жылдай уақыт өтті. Осы уақытқа дейін кадр резервіне жастар 3 рет іріктелді. 2022 жылы бізге белгісіз себептермен өткен жоқ. Біздің ойымызша, оған «қасіретті Қаңтар» себеп болған сияқты. Биыл тағы да өтуі мүмкін. Республикалық резервтен бөлек, 2024 жылғы 1 наурыздан өңірлік жастар кадр резервіне іріктеу басталады. Осы орайда «Бұл жоба қаншалықты тиімді? Жаңа формациядағы басшылардың келуіне не кедергі?» деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік. Себебі, бұрынғы Экоминистр Зүлфия Сүлейменова мен Мәдениет министрі Асхат Оралов қызметте аз отырғанына қарағанда, жобаны жүзеге асыруда бір шикілік бар сияқты...

ПОЗИЦИОНАЛЫҚ
МОДЕЛЬГЕ ҚАДАМ

Жалпы республикалық және алда қалыптасатын өңірлік деңгейдегі кадр резерві мемлекеттік басқарудың позициялық моделіне қадам болып есептеледі. Позициялық модель мансаптыққа қарама-қарсы. Яғни онда біртіндеп саты бойынша саяси басшылар қалыптаспайды. Керісінше, қоғамнан лайықты адамдар іріктеліп, лауазымды қызметтерге тағайындалады.

Ұлттық комиссия жастар кадр резервін қалыптастырады. Тізімге енген жастар Президент жанындағы уәкілетті комиссияның шешімі бойынша мемлекеттік саяси лауазымдарға, А корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына, «Б» корпусының басшылық лауазымдарына және «Б» корпусының А санаттар тобының лауазымдарына тағайындалуы мүмкін. Демек, іріктеуден өткен жастар осы ұлттық комиссияның шешімімен түрлі лауазымдарға тағайындалады. Яғни комиссия шешім қабылдап, Президентке ұсынады. Ендеше, комиссия сол резервистің алдағы



Қолжазба жасаған Нұрболсын ӨРІСҰЛЫ.

жұмысының нәтижесіне жауапкершілік алады деген сөз.

ГИБРИДТІ МОДЕЛЬ
ТИІМДІРЕК

28 ақпанда Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай Президенттің қабылдауында болды. Былтыр 1 қыркүйекте бір күнде Жастар резервінің бірдей мүшелері Асхат Оралов пен Зүлфия Сүлейменова министр лауазымынан босатылды. Екі саяси оқиғаның арасында қандай байланыс болуы мүмкін?

Агенттік төрағасы Президентке мансаптық және позициялық модель элементтерінен тұратын мемлекеттік қызметтің гибриді моделін қалыптастыру жұмыстары туралы баяндады. Яғни позициялық қана емес, мансаптық модельдің артықшылықтары қосылған гибриді модельді таңдағанымыз белгілі болды.

Асхат Оралов пен Зүлфия Сүлейменова екеуі бір күнде тағайындалып, бір күнде қызметтен кеткен экс-министрлер. 4 қаңтарда Асхат Оралов Мәдениет және спорт министрі, ал Зүлфия Сүлейменова Экология және табиғи ресурстар министрі болып тағайындалған еді. Бірақ 8 айға жетер-жетпес қызметтен кетті. Екі саясаткер де Президенттік Жастар кадр резервінің мү-

шелері. 2019 жылы іріктеуден өткен. Олардың аз уақыт басшылық қызметте болғанына қарағанда, толықтай позициялық модельдің кемшіліктері бар. Сондықтан гибриді модель тиімдірек деген қорытындыға келуге болады.

ЭКС-МИНИСТРЛЕРДІҢ
КЕТУІНЕ НЕ СЕБЕП?

Біз жоғарыда Президент Әкімшілігінің Басшысы ұлттық комиссияның төрағасы қызметін атқаратынын атап өткен едік. 2023 жылдың 4 қаңтарында кім басшы болды?

Бұл лауазымды 2022 жылдың 1 ақпаны мен 2023 жылдың 3 сәуірі аралығында Мұрат Нұртілеу атқарған. 2022 жылдың 14 маусымынан бері Президент Кеңесінің бастығы қызметін Бақытжан Сариев атқарады. Ал Дархан Жазықбай 2022 жылдың 11 қаңтарынан бері Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы. Екеуі Мұрат Нұртілеудің ұлттық комиссиядағы орынбасары болған. Демек, Асхат Оралов пен Зүлфия Сүлейменованың тағайындалуына осы кісілер себепші болған. Президентке жастар кадр резервінен үміткерді ұсыну үдерісі жабық болғандықтан дәлеліміз жоқ. Дегенмен, Президент Жарлығы бар. Онда жауапкершілік ұлттық комиссияға жүктелген.

Бірақ біздің ойымызша, мәселе ұлттық комиссияда ғана емес. Асхат Оралов пен Зүлфия Сүлейменова басқарған министрліктерде. Яғни жүйеде кемшілік болған. Себебі, экс-министрлер қызметтен кете салысымен олар басқарған министрліктер қайта құрылды. Экология және табиғи ресурстар министрлігінен Су ресурстары және иррагация министрлігі еншісін алып бөлініп кетті. Ал Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет және ақпарат, сондай-ақ Туризм және спорт министрліктеріне бөлінді.

Ендеше, жаңа формациядағы басшылардың келуіне мемлекеттік-әкімшілік басқару және саяси жүйедегі кемшіліктер кедергі келтіруде. Демек, Президенттік қана емес, өңірлік кадр резервін жасақтауды жалғастыра отырып, жүйелік өзгерістерді де жүзеге асыру қажет.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

«ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ»

пилоттық режимде Алматы мектептерінің бірінде іске асырылуда

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағали Президентке есеп берді.

Агенттік төрағасының айтуынша, өткен жылы жемқорлыққа қатысты 1692 қылмыс тіркеліп, 1324 адам әшкереленгені баяндалды. Оның 161-і – түрлі деңгейдегі басшылар, 1221 іс сотқа жіберілген. 2022 жылдан бері мемлекетке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне 1,02 триллион теңге (2,2 млрд АҚШ долларынан астам) көлемінде мүлктік актив пен қаражат қайтарылған. Мемлекеттік сатып алу порталына мониторинг жүргізу барысында 41,3 миллиард теңге көлеміндегі бюджет қаражатының мақсатсыз жұмсалыуына жол берілмеген, 10 мыңға жуық азаматқа тегін құқықтық көмек көрсетілген, жалпы құны шамамен 20 миллиард теңге болатын 2 зауыт мемлекет меншігіне өткен.

Кездесуде сондай-ақ, Ұлттық банктің «Цифрлық теңге» жобасы арқылы «ақшаны бояу» тетігін енгізу мәселесі пысықталды. Қазіргі уақытта Цифрлық теңге пилоттық режимде Алматы қаласындағы мектептердің бірінде іске асырылып жатыр.

Жалпы, қабылданған кешенді шаралардың нәтижесінде Қазақстан 2023 жылдың қорытындысы бойынша Transparency International (Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі) рейтингінде 8 позицияға көтеріліп, 180 елдің арасында 93-орынға тұрақтаған.

АШЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ

жеке сектордан білікті мамандарды тартуға жол ашады

Президент қабылдауында болған Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы мансаптық және позициялық модель элементтерінен тұратын мемлекеттік қызметтің гибриді моделін қалыптастыру жұмыстары туралы баяндады.

Агенттік төрағасы Дархан Жазықбай Президентке мансаптық және позициялық модель элементтерінен тұратын мемлекеттік қызметтің гибриді моделін қалыптастыру жұмыстары туралы баяндады. Ашық мемлекеттік аппарат құру, атап айтқанда, жеке сектордан білікті мамандарды тарту және жоғары оқу орындарын үздік бітірген түлектерді төменгі лауазымдарға конкурс өткізбей-ақ тағайындау шаралары, e-Qyzmet жүйесі бойынша мемлекеттік қызметке іріктеу жөніндегі пилоттық жобаның қорытындысы таныстырылды. Бұдан бөлек, Агенттіктің мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау және басқару жүйесін бюрократиядан арылту салаларына қатысты жұмыстары туралы ақпарат берілді.

АДАЛ БИЗНЕСТІ ҚОРҒАУ

шаралары күшейтіледі

Мемлекет басшысына Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы есеп беріп, мекеменің былтырғы атқарған жұмысының қорытындысы мен алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде баяндады.

Дмитрий Малаховтың айтуынша, агенттік 74 миллиард теңге көлемінде негізсіз бюджет шығындарының алдын алған, заңсыз қолма-қол ақшамен айналысатын 59 «көлеңкелі» алаң қызметі тоқтатылған, 7 ұйымдасқан қылмыстық топ жойылған, сотқа дейінгі тергеу амалдарының аясында 141 миллиард теңге көлемінде келтірілген залал өтелген. Сондай-ақ, капиталды заңсыз шығаруға қарсы іс-қимыл саласында жалпы сомасы 276 миллиард теңгені құрайтын активтер қайтарылған. Мемлекет басшысына 41 қаржы пирамидасының жойылғаны, зардап шеккендерге 4,6 миллиард теңге қайтарылғаны жөнінде мәлімет берілді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

- Криптовалюта айырбастайтын 1,5 мыңнан аса заңсыз онлайн-сервис анықталып, бұғатталған.
- 49 заңсыз майнер әшкереленген. Қазір оларға қатысты тексеру жұмыстары жүргізіліп жатыр.
- Террористік және экстремистік ұйымдардың шоттарына қаржы аударуға қатысты 1,2 мың әрекет анықталып, оларға шектеу қойылған.
- Алаяқтық белгілері бар 8 мыңнан астам сайт пен аккаунт бұғатталып, 4,8 мың онлайн-казино сайтының қызметі тоқтатылды.
- Екінші деңгейлі банктермен, қаржы реттеушілерімен бірлесіп, 21 жасқа толмаған азаматтардың букмекерлік кеңселерге төлем жасау мүмкіндігін автоматты түрде шектеу тетігі енгізіліп жатыр.

Қаржылық мониторинг агенттігі алдағы уақытта заңсыз шығарылған активтерді қайтару және адал кәсіпкерлердің ісіне араласпай, «көлеңкелі» экономикадағы қылмыстардың жолын кесу жұмыстарына баса мән береді.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАҒА ІРІКТЕУ

әділ жүргізілуі керек

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық олимпиада комитетінің президенті Геннадий Головкиннің қабылдады.

Кездесуде Ұлттық олимпиада комитетінің алдағы жұмысының басын бағыттары сараланды. Ең алдымен, Халықаралық олимпиада комитеті аясындағы сенімді және тиімді қарым-қатынасты нығайтуға маңыз берілді. Ел Президенті ұлттық құрамалардағы спортшылардың алдағы XXXII жазғы Олимпиада ойындарына даярлығына қатысты зор жауапкершілік жүктелетінін атап өтті. Сонымен қатар, лицензиялар санын көбейту және Париж Олимпиадасында елеулі нәтижеге қол жеткізу үшін тиімді жүйе құру маңызды міндет екеніне тоқталды. Мемлекет басшысының айтуынша, өз әлеуетін таныту үшін спортшыларға барынша қолайлы жағдай жасап, отандық спорттың өркендеуіне кері әсер ететін жағымсыз құбылыстарды жою қажет. Сондай-ақ, ұлттық құрамаға спортшыларды іріктеу әділ жүргізілуі керек.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Геннадий Головкиннің кәсібилігі мен мол тәжірибесі еліміздегі олимпиадалық спорт түрлерін дамытудың өзекті мәселелерін тиімді шешуге ықпал ететініне сенім білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).

Жаңа формациядағы басшыларды қалыптастыру бастамасын Президент 2019 жылғы сайлауалды бағдарламасында ұсынған болатын. Тура сол жылы 27 тамызда «Президенттік жастар кадр резервінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің Жарлығы шықты. Жарлықта Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жастар кадр резерві жөніндегі ұлттық комиссияны құру туралы тапсырма берілді. Комиссияның құрылуы кадр резервін құру туралы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасын жүзеге асырудағы басты қадам болды. Осы күннен бастап жастар кадр резервін қалыптастырудың институционалды негізі қаланды.

Комиссия жұмысы Президент Әкімшілігіне бағынады. Жарлыққа сәйкес Президент Әкімшілігінің Басшысы комиссия төрағасы қызметін атқарады. Ал Президент Кеңесінің бастығы мен Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы оның орынбасары ретінде бекітілген. Президент Әкімшілігінің Мемлекеттік қызмет бөлімінің меңгерушісі комиссияның хатшысы ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар, комиссияның келесідей мүшелері бар:

- Премьер-министрінің орынбасары – Үкімет Аппаратының Басшысы;
- Президенттің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі;
- Президенттің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі;
- Президенттің өңірлік саясат мәселелерін үйлестіретін кеңесшісі;
- Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ректоры.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БӘСЕКЕ

«ТАЛАНТТАРҒА ТАЛАС» АЛАҢЫ

Қазақстан Азияның академиялық хабына айнала ала ма?

Қазіргі таңда жоғары білім беру саласы әлемдік тәжірибеде жеке-дара ауқымды экономикалық нарық ретінде қалыптасып қана қоймай, әрбір ел үшін «таланттарға талас» алаңына айналды. Соңғы жылдардағы Еуразия даласындағы геосаяси шиеленістер нәтижесінде аймақта жоғары білім беру саласында ауқымды құрылымдық өзгерістер орын алды. Отандық білім беру орындары мен зерттеу институттары халықаралық рейтингтерде көш бастап, іргелі өзгерістердің алдында тұр. Соңғы жылдары елімізде Үкімет тарапынан ғылыми-зерттеу және жоғары білім беру саласын мемлекеттің жетекші салаланған бағытына айналдыру бойынша жүйелі жұмыстар жүзеге асырылуда.

Ғылым және білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім, Оқу-ағарту министрліктері болып қайта құрылғанынан бастап, жоғары білім беру саласы оң өзгерістерді бастан өткеруде. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының құрылып, мемлекет тарапынан жаңа заңнаманың дайындалуы елімізде ғылым және жоғары білім саласы жаңа әлеуетті сала ретінде қалыптасып келе жатқандығының дәлелі. Қазіргі таңда жоғары білім беру саласының басты мақсаты – еліміздегі жоғары кәсіби білім беру орталықтары мен ғылыми-зерттеу институттарын интернационалдандыру.

Осы орайда, отандық кәсіби білім беру ордалары мен ғылыми зерттеу орталықтарымыз халықаралық бәсекеге қаншалықты дайын? Еліміз мыңдаған шетелдік талапкерлер үшін қауіпсіз, сапалы студенттік орта қалыптастыра ала ма? Мақаламызда отандық жоғары білім беру институттарының халықаралық бәсекедегі қауқары мен Қазақстанның Азиялық академиялық хабқа айналу мүмкіндігін саралап көрелік.

** Қазақстанда білім алған шетелдік студенттер елімізде оқуын бітіргеннен соң екі жыл көлемінде мамандықтары бойынша жұмыс визасын алуға құқылы. Жергілікті жоғары оқу орындарында ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары даярланып, елімізде ашылған шетелдік алымды компаниялар мен отандық кәсіпорындарында еңбек ете алады. Бұл туралы министр Саясат Нұрбек англиялық PieNews агенттігіне берген сұхбатында атап өтті.*

Сапалы білім – сарқылмас ұлттық ресурс

Соңғы елу жылда, әлем бойынша туған жерінен тыс елде білім алуды көздейтін талапкерлер саны (1975 жылғы 800 мыңнан, 2011 жылы 4,3 миллионға дейін) бес еседен астам өсті. Жаһандану жағдайында білім беру, ғылыми зерттеу саласы адамзатты ортақ құндылық аясында біріктіретін ауқымды индустрия ретінде қалыптасып, қанатын кеңге жаюда. XXI ғасырдан бастап шетелде білім алатын студенттер саны Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының дерегінше, жыл сайын 7%-ға өскен. Талапкерлердің сапалы білім алуға құштар ететін білім ордалары дәстүрлі қалыптасқан еуропалық, солтүстік-америкалық жоғары оқу орындары. Алайда, соңғы онжылдықта халықаралық білім беру саласында батыстық білім мен шығыстық дәстүрді қатар ұстанған болмысы бөлек елдер тобы қалыптасты. Мысалы, Оңтүстік Корея, Жапония, Сингапур, Біріккен Араб Әмірліктері және Қазақстан. Аталған елдерде ашылған халықаралық стандарттарға жауап беретін білім ордалары бүгінде Еуропа пен Солтүстік Америкада қалыптасқан іргелі жоғары оқу орындарына баламалы мекен болып отыр.

** Білім және ғылым саласы мемлекеттік бюджетке ауқымды кіріс алып келетін әрі халықаралық қауымдастықта жазымды имиджді қалыптастыратын маңызды салаға айналды.*

Жаһандану процесі нәтижесінде бүгінде білім алу, ғылымды меңгеру жолында шекара ұғымы мәнін жоғалтты. Яғни ғылым саласы адамзатқа ортақ маңызды ресурс тәрізді құндылыққа айналды. Экономикалық ынтымақтастық және даму (OECD) ұйымының дерегінше, жыл сайын әлемде 5 миллионнан аса студенттер өз елінен тыс жерде білім алуға аттанады. Негізгі таңдаулары АҚШ, Австралия, және Еуропа елдерінде орналасқан білім ордалары. Шетелде білім алуға бейім студенттердің 52%-ы – Азия елдерінен. Қытай, Индия,

Иран, Катар, Пәкістан және т.б. елдердің талапкерлері жыл сайын сапалы білім іздеп шетелге ағылады. Білім беру саласын экономиканың басты кіріс көзіне айналдырып үлгерген елдер бүгінде әлемнің ең талантты тұлғаларын еліне тартып, «таланттарға талас» бәйгесінде оза шабууда.

Елімізде отыз жыл бойына сәтті жүзеге асып келе жатқан «Болашақ» президенттік шәкіртақысы он мыңдаған отандасымыздың әлемнің үздік жоғары оқу орындарында сапалы маман болып қалыптасуына септігін тигізді. Бүгінде «Болашақтың» түлектері түрлі салаларда сәтті еңбек етуде. Бұл тұрғыдан алғанда еліміз шетелге тек талапкерлерін білім алуға жіберуші ел ретінде емес, сонымен бірге әлемге сапалы білім беретін бәсекеге қабілетте жоғары оқу орындарын ұсынатын әлеуетке ие екендігін көреміз.

Тәуелсіздік жылдарынан бастап Орталық Азия және Оңтүстік Шығыс Азия елдері талапкерлері жоғары білім алу мақсатында Ресейге, арысы Шығыс және Батыс Еуропа елдеріне көптеп ағылды. Алайда, соңғы жылдары орын алған ұжымдық батыс тарапынан салынған экономикалық санкциялар Ресейдегі жоғары білім беру саласын да айналып өтпеді. Нәтижесінде ресейлік жоғары оқу орындары еуропалық Болон процесі жүйесінен шығарылып, ғылыми атактары мен дипломдары халықаралық дәрежеден мойындалмайтын болды. Бұл жағдайда мыңдаған талапкерлер үшін Қазақстан бірден-бір баламалы мекен болып отыр.

** Қазіргі таңда талапкерлер үшін Қазақстан – еуропалық сападағы білімді Орталық Азияда алу мүмкіндігін ұсынатын бірден-бір ел. Себебі, Қазақстан географиялық және сапалық тұрғыда біртұтас халықаралық білім беру стандартына сәтті интеграцияланған.*

Быттырғы қорытынды бойынша, еліміздегі жоғары оқу орындарындағы шетелдік студенттердің үлесі, 4,5%-ды құрады, жалпы саны 26 000-нан асты. Ғылым



(Дереккөз: midjourney)

Мемлекеттер	2019	2020	2021	2022	2023
Өзбекстан	3 683	9 500	25 964	15 642	14 404
Үндістан	3 500	3717	4450	4220	5 987
Түркіменстан	1 320	2 615	3 176	2 795	2 795
Ресей	1 075	1 273	1 247	1 298	1 263
Моңғолия	439	565	888	1128	1010

(Дереккөз: Ұлттық статистика бюросы)

және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, бұл көрсеткішті 2025 жылға қарай 10%-ға және 2050 жылға қарай 20%-ға дейін ұлғайту көзделген. Аталған мақсат аясында былтырдың өзінде елімізде шетелдік 8 жоғары оқу орындарының филиалдары ашылды. Бұл, біріншіден, шетелдік үздік оқу орындарының Қазақстанның аймақтағы білім беру хабына айналу әлеуетіне деген сенімі болса, екіншіден, еліміздің Еуразия даласындағы ықпалының артқандығы деп білеміз.

Алматы – Орталық Азиядағы студенттер астанасы

Халықаралық білім беру және ғылыми зерттеу нарығы өте ауқымды әрі сапа бәсекесі өте жоғары. Бұл тұрғыда отандық ЖОО мен зерттеу орындары мыңдаған жылдық тарих пен дәстүрге ие батыстық зерттеу орталықтарымен бәсекелесуде ұлттық ерекшелігіміз бен аймақтық өзгешелігімізді тиімді пайдалана білу өте маңызды. Әдетте, шетелдік әрбір ата-ана, талапкер кәсіби білім үшін жоғары оқу орын таңдау барысында бірнеше негіздемеге назар аударады. Білім сапасы, жоғары оқу орны дипломының халықаралық мойындалуы және жоғары оқу орны орналасқан қаланың жайлы, қауіпсіз болуы басты талаптың бірі. Бұл тұрғыда Алматы қаласы бүгінде Орталық Азияда студенттер үшін ең жайлы қалалар тізімінде. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, бүгінде елімізде 122 жоғары білім беру орындарында 575,5 мың аса студенттер білім алуда. Алматы қаласындағы 42 жоғары оқу орнында бүгінде 172 200-ден астам студент кәсіби шыңдалуда. Аталған студенттер арасында елімізден тыс, шетелден келетін студенттердің үлесі жыл сайын артып келуде. Елімізге шетелдерден келіп оқитын студенттердің басым бөлігі Алматы қаласында

тұрақтайды. Бірнеше себепке байланысты. Біріншіден, Алматы қаласы жағымды климатымен қатар, республикамызда жоғары білім сапасымен танымал. Екіншіден, Алматы қаласындағы халықаралық компаниялардың шоғырын ескерсек, әрбір шетелдік студент үшін алып мегаполисте жұмыс табу тиімді.

Қазақстандағы шетелдік студенттер үлесі

Ұлтымыз үшін білім алу, ғылымды меңгеру қашан да жоғары мәнге ие болды. Қазіргі таңда Қазақстан шетелге білім, тәжірибе үйренуге бейім ғана емес, сонымен қатар шетелдік талапкерлер білім алуды армандайтын академиялық хабқа айналды. Бұл – ауқымды нәтиже ғана емес, терең жауапкершілік. XXI ғасырда цифрлы технологиялардың білім беру үдерісіне еніп, елдер арасында білім алу бойынша ортақ таным жүйесінің қалыптасуы ғылым мен білім саласын адамзатты біріктіретін негізгі құндылық ретінде алға шығарды. Елімізде әлемнің үздік жоғары оқу орындары бөлімдерінің ашылып, отандық жоғары білім беру орталықтарының халықаралық рейтингтерде биіктерден көрінуі Қазақстанның Азия Континентіндегі бірден-бір кәсіби білім беру мен ғылымды меңгерудегі жоғары әлеуетке ие екендігін айғақтайды. Нәтижесі жүйелі құрылымдық қолдау мен уақыттың еншісінде болмақ.



Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



ӘКІМ

МАҢЫЗДЫ БАҒДАРЛАР

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Наурызбай ауданының тұрғындарымен кездесті

**Мәншүк
БЕКБОСЫН**

(Басы 1-бетте)

Су құбыры мен кәріз желісі

Наурызбай ауданы құрылғаннан бастап халықты сапалы әрі таза ауызсумен қамтамасыз ету аса маңызды мәселенің бірі. Аудан тұрғындарын қамтамасыз ету мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Қала басшысының айтуынша, былтыр қараша айында «Ақжар» мен «Шұғыла» ықшамаудандарында 61 шақырым су құбыры мен кәріз желілерінің құрылысы аяқталған. «Ақжар» мен «Қарағайлы» бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындылары алынды. Ал «Тастыбұлақ» пен «Таусамалы» ықшамаудандары үшін мемлекеттік сараптама биылғы жылдың наурыз айында аяқталуы керек. Осылайша биыл маусым айынан бастап ауданның төрт ықшамауданында («Ақжар», «Қарағайлы», «Тастыбұлақ» пен «Таусамалы» ықшамауданы) 395 шақырым су құбыры мен кәріз желісін салу жоспарда бар.

Бұдан өзге, «Шұғыла» ықшамауданында қолданыстағы қазандықтың қуаты тұрғындарды тиісті деңгейде сапалы жылумен қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз болды. Бұл мәселені түбегейлі шешу үшін өткен жылдың желтоқсан айында «Премьера» қазандығын жаңғырту бойынша жұмыстар аяқталды.

– Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде қазандықтың жылу қуаты 2 есе, 100 Гкал/сағ ұлғайды, – деп атап өтті Е.Досаев.

Айта кету керек, өткен жылы шаһарда Ерболат Досаевтың тапсырмасымен жүргізілген жылумен жабдықтау саласындағы кезекті модернизациялау жұмысы 25 жылдан бері қолданыстағы құбыр желілерінің тозығын 59,2%-ға дейін қысқартуға мүмкіндік берді. Жылуаралық кезеңде жалпы ұзындығы 7,6 шақырымға жететін жылу желілеріндегі 12 нысан қайта жаңартылды.

Жылу өндіру секторында барлық 84 қазандықта жөндеу-профилактикалық жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, 7 жылу нысанының 13 қазандығы, 12 қазандықтың 24 түгін сорғышы, сонымен қатар, басқа да қосалқы жабдықтар ауыстырылды.

Спорт кешені

Биыл Наурызбай ауданында екі спорт кешені бой көтереді. Олардың бірі «Шұғылада», екіншісі «Ақжар» ықшамауданында салынады. Бірі 600 адамға арналса, екіншісі 500 орынға арналған. Яғни спорт кешенінің бір күнде 500 адамды қабылдау

мүмкіндігі бар. Қала әкімінің айтуынша, «Шұғыла» ықшамауданындағы спорт кешенінің құрылысы биыл жазда басталады. Маусымның соңына дейін жобалау-сметалық құжаттамасы аяқталады.

Жалпы, биыл сәуір айында қоғамдық кеңістіктерді жайластыру, балалар спорт алаңдарын салу, көгалдандыру мен сыртқы жарықтандыру желілерін орнату арқылы Қарғалы өзенінің ұзындығы 7,7 км жағалауын абаттандыру басталады. Бұдан басқа, «Халық қатысатын бюджет» (ХҚБ) бағдарламасын іске асыру аясында жаяу-серуендеу, саябақ аймақтарын жайластыру, жарықтандыру желілерін, жол инфрақұрылымын салу және т.б. бойынша 40 жаңа жоба іске асырылады. Соның ішінде «Рахат» ықшамауданындағы 1,3 га сквер, «Шұғыла» ТК аумағындағы жаяу-серуендеу аймағы, «Қарғалы», «Таусамалы» ықшамаудандарындағы 4 балалар ойын алаңы бар. 2024 жылға бұл мақсаттарға 2,5 млрд теңге бөлінді.

Инфрақұрылым

Биыл «Ақжар», «Шұғыла» ықшамаудандарында тағы 8,8 шақырым жол салу жоспарда бар. Атап айтқанда, аудан бойынша 55 көшеде 28,7 шақырым жолға орташа жөндеу жүргізіледі, тағы 70 мың шаршы метр жол төсемі ағымдағы жөндеумен қамтылады.

– Жол инфрақұрылымы мен қоғамдық көлікті дамыту әкімдік жұмысының басым бағыттарының бірі. Өткен жылы «Ақжар» мен «Шұғылада» 14 көшеде 27 шақырым жол салынды. «Қалқаман», «Құрамыс», «Таусамалы» мен «Шұғыла» ықшамаудандарының 11 көшесінде 8 шақырым жаяу жүргіншілер жолы пайдалануға берілді, – деп атап өтті шаһар басшысы Ерболат Досаев.

Мегаполис басшысының мәліметінше, өткен жылы Наурызбай ауданында ұзындығы 15 шақырым болатын 16 көшеде орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ағымдағы жөндеу жұмыстары аясында ауданның 170 көшесінде 45 мың шаршы метр асфальт жабыны қалпына келтірілді.

Сонымен қатар, қала бойынша жол-көлік инфрақұрылымын жаңғырту жұмысы жалғасуда. Өткен жылы Алматыда 70 көшеде 25 шақырым жаңа жол салынып, 200 шақырымға жететін жолға орташа жөндеу жұмысы жүргізілді. Биыл жаңа жолдардың құрылысын 70 шақырымға дейін, ал орташа жөндеуді 250 шақырымға дейін ұлғайту жоспарда бар.

Көше жарығы

Сонымен қатар, ауданды энергия жүйесімен тұрақты әрі үздіксіз қамту маңызды мәселе.

– Наурызбай ауданының электр желілері Алматыға қосылған сәттен-ақ тозған болатын, – деді қала басшысы.

Оның айтуынша, 2023 жылы желілерді жаңғырту аясында «Ақжар», «Қарағайлы», «Құрамыс», «Рахат», «Таусамалы» мен «Шұғыла» ықшамаудандарында 23,2 шақырым электр желілері мен 2 трансформаторлық қосалқы станция ауыстырылып, жөнделді.

Сәуір айының соңына дейін 3 шақырым электр беру желілерін жөндеп, «Шұғыла» ықшамауданына 22 трансформаторлық қосалқы станция орнату жоспарлануда. Жыл соңына дейін Алматы әкімдігінің жоспары бойынша 128 шақырым электр беру желілері мен 19 трансформаторлық қосалқы станциялар жөнделеді.

– Сыртқы жарықтандыруға ерекше назар аударылады. 2023 жылы 59 көшеде ұзындығы 43 шақырым сыртқы жарықтандыру қамтамасыз етілді. Аудандарға көше жарығына қызмет көрсету бойынша берілген функцияны ескере отырып, өтінімдерді пысықтау уақыты айтарлықтай қысқарды. Нәтижесінде 2023 жылдың соңғы 3 айында 17,6 шақырым кабель желісі ауыстырылып, 1840 шам орнатылды, – деді қала әкімі.

Шаһар басшысы биыл 87 шақырым әуе және кабель желілерін жаңғырту, 3,5 мың жарықтандыру шамдарын, 230 саябақ шамдарын ауыстыру жоспарланғанын атап өтті. Ол үшін 1,1 млрд теңге бөлінді. 2024 жылдың соңына дейін аудандағы жарығы жоқ көшелерді жарықтандыру жоспарда бар.

Жаңа емханалар

Аудандағы алғашқы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы биылғы жылдың қыркүйек айында басталады. Дәлірек айтқанда, биыл қыркүйекте «Құрамыс» пен «Шұғыла» ықшамауданында 500 адам қабылдайтын екі жаңа емхана, «Ақжарда» 200 адам қабылдайтын бір дәрігерлік амбулатория салу жоспарда бар.

– Наурызбай ауданының аумағында алғаш рет қыркүйек айында «Шұғыла» ықшамауданында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын бастау жоспарланып отыр, – деді қала басшысы.

Айта кету керек, Алматыда дене шынықтыру-сауықтыру кешендері балалар мен жастарды қолжетімді спорт секцияларымен қамтамасыз ету, сонымен қатар, халықты салауатты өмір салтына тарту үшін салынып жатыр.

– 2022 жылы Жетісу ауданына қарасты «Айнабұлақ», «Кемел» мен «Құлагер» ықшамаудандарында 3 жаңа кешен ашылды. Бүгінде олар штаттық режимде жұмыс істейді. Өткен жылы Алатау ауданының «Алатау» мен «Зерделі» ықшамауданында

екі дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталды. 2024 жылы Түркісіб, Медеу, Алатау аудандарында үш дене шынықтыру-сауықтыру кешенін ашу жоспарланған. Жаңа нысандар күн сайын барлығы 2000-нан астам адамды қабылдай алады, – деп атап өтті Е.Досаев.

Бұдан басқа, төрт дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорт орталығының, жеңіл атлетика манежінің, «Медеу» БТСК жаңғырту және Орталық стадионның жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу жүргізіліп жатыр.

Арық желісі

Биыл «Қалқаман», «Қарағайлы» мен «Шұғыла» ықшамаудандарының 10 көшесінде 9 шақырымға жететін арық желісін салу жоспарда бар. Қала басшысы 2023 жылы «Алма Сити-3» ТК су басу учаскесі жойылғанын, 600 метр арық желісі салынғанын атап өтті. Жалпы, Наурызбай ауданы бойынша 5 көшеде 6,6 шақырым арық салынды.

Сонымен қатар, 2023 жылдың тамыз айында жасыл желектерді уақытылы күту мақсатында 4 учаскеде ұзындығы 4 шақырым автоматтандырылған суару жүйесі салынды. Биыл тағы 20 учаскені қамту жоспарда бар. Бұдан өзге, Қарғалы өзенінің 7,7 шақырым жағалауын абаттандыру жоспарланған.

Қоғамдық көлік

Биыл наурыз айының соңына дейін Наурызбай ауданында қоғамдық көлік саны 27 жаңа автобуска артады. Төрт бағытта интервалдарды қысқарту мен жайлылықты арттыру үшін (№16, 50, 118, 126) Наурызбай ауданында жергілікті бюджет есебінен биылғы жылдың наурыз айының соңына дейін барлық жылжымалы құрамның саны 27 бірлікке ұлғайып, жаңа автобустарға ауыстыру жоспарлануда.

Сонымен қатар, автобустардың саны 67-ден 94 бірлікке дейін артады. Өткен жылы Наурызбай ауданында көліктік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында 6 жаңа бағыт ұйымдастырылды (№49, 136, 230, 236, 244, 247), жалпы саны 68 автобус пен 9 бағыттың құрамы жаңартылды және ұлғайтылды (№4, 15, 47, 53, 95, 112, 119, 128, 212) – 147-ден 178-ге дейін.

– 3 бағыт 6 автобуспен күшейтілді (№14, 27, 55) және 9 жаңа аялдама кешені орнатылды. Осы мақсатта 246 жаңа автобус сатып алынды. Қосымша 37 «Сергек» кешенін (148 камера), 900 бейнемониторинг жүйесінің камераларын орнату жоспарлануда. Өткен жылы 19 «Сергек» кешені (76 камера) орнатылды, – деді Ерболат Досаев.



ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР КҮНІ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Сенім мен құрмет

Алматыда азаматтық қоғам өкілдері марапатталды

27 ақпан күні Азаматтық Альянстың ұйымдастыруымен тұңғыш рет «Азаматтық қоғам үшін» сыйлығын тапсыру рәсімі өтті.



Пердехан
ШӘМШИЕВ

2010 жылы 27 ақпанда Литвада алғаш рет Үкіметтік емес ұйымдар күні тойланды. Балтық теңізі елдері Үкіметтік емес ұйымдардың IX форумында осы күнді атап өтті. Ал 2014 жылы БҰҰ 27 ақпанды Халықаралық үкіметтік емес ұйымдар күні етіп бекітті. Осылайша Финляндия астанасы Хельсинкиде ресми түрде азаматтық қоғам өкілдерінің мерекесін атап өте бастады.

Бұл дәстүрден еліміздің қоғамдық-саяси орталығы Алматы қаласы да тыс қалған жоқ. Биыл Алматыда алғаш рет азаматтық қоғам өкілдері марапатталды. Іс-шара Алматы қаласы бойынша Азаматтық альянсының ұйымдастыруымен және Қазақстанның Автомобиль тасымалдаушылары мен Экспедиторлар одағының (САПЭК) қолдауымен өтті.

Сыйлықты табыстау рәсіміне Алматының үкіметтік емес ұйымдарының өкілдері, қоғам қайраткерлері, азаматтық белсенділер, волонтерлер, жастар, қоғамдық пікір көшбасшылары, қоғамдық секторда жазатын блогер мен журналистер қатысты. Сонымен қатар, Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Есенбеков, Алматы қаласы бойынша Азаматтық альянс ұйымының басшысы Қайыржан Әбдіқалыков қатысты. Ал Мәжіліс депутаты Ерлан Стамбеков және сенатор Жанна Асанова онлайн байланыс арқылы қалалықтарды мерекемен құттықтады.

Азаматтық белсенділер 12 номинация бойынша марапатталды. Мұндай игі бастамаға Алматы қаласынан сайланған Ерлан Стамбеков мұрындық болды. Ұйымдастырушылар мен азаматтық қоғам өкілдері бастаманы өзге аймақтар да қолдайды деген үмітте.

ҚАУІП ҚАЙДАН?

ЖАБАЙЫ САУДА заңсыз әрі қауіпті

Алып шаһардың қай ауданына барсаңыз да жабайы сауданың дәурені жүріп тұр. Әлі шешімін таба алмай келе жатқан мәселе күн жылынғанда күрделене түседі.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Айтылып та, жазылып та жауыр болған тақырыпты бүгін тағы бір мәрте қаузағанды жөн көрдік. Өйткені, ретсіз сауда базар мандарында ғана емес, қаламыздағы мәдени ошақтар төңірегінде де етек жайып барады.

Жабайы сауданың жанданған тұсы тәуелсіздік алған алғашқы жылдары болатын. Ұрымтал тұсты ұтымды пайдаланған жандар дәл осы кезде шағын дүкен ашып, сапасыз қытай тауарларын сатып пұл жасады. Міне, сол ала қап аркалап жүріп еңбек еткендердің біразы бүгінде ірі кәсіпкерлер.

Дегенмен, «арзанның жілігі татымайтыны» белгілі. Өйткені, ашық алаңда саудаланатын жеміс-жидек пен көкөністердің ыстыққа еріп, суыққа үсіп, бүрісіп, тіпті қарайып кететіні бар. Қала көшелерінің қалтарыс-бұлттарына тұра қалып сауда жасайтындардың көпшілігінде біріншіден, ешқандай санитарлық-эпидемиологиялық талаптар сақталмайды. Екіншіден, сапасыз өнім халық арасында жаппай жұқпалы аурулар мен тамақтан улануға себеп болуы мүмкін. Қақаған қыс пен аптап ыстықта сауда жасаудың денсаулыққа тигізер зияны да жеткілікті. Қысқасы, бұл бағытта тізе берсе таусылмайтын заңсыздықтар көп. Осыларды көріп-біле тұра жабайы тіршілікке дем беретініміз неліктен?!

Жалпы, базарларға іргелес аумақтарда, дүкендердің жанында,



Суретті түсірген Саят ҚҰСАЙЫНОВ.

тұрғын үйлердің аулаларында заң бойынша сауда жасауға тыйым салынған.

Белгіленбеген жерде сауда жасау – қала келбетіне сын ғана емес, ол тіпті жаяу жүргіншілердің жүріп-тұруына да кедергі келтіреді. Бірде «Саяхаттың» айналасын жылан жалағандай тап-таза болып қалғанын көріп, таңқалғаным бар. Себебін білсек, полиция қызметкерлері ретсіз сауданы жөнге келтіру мақсатында рейд жүргізген екен. Бірақ одан не пайда? Бір-екі сағат өткеннен кейін ол жерде үйреншікті әдет қайта жалғасады.

Дәрігер мамандар кез келген өнімді «қолдан» сатып алудан аулақ болуға кеңес беруден жалыққан емес. Өйткені, бұл жерлердегі сауданы медициналық куәландырудан және гигиеналық оқытудан өтпеген адамдар жасайды. Олардың тауарлары жерде немесе жәшіктерде, көліктердің жүксалғыштарында жатады. Енді өзіңіз айтыңызшы, бұлай таудай болып үйіліп жатқан өнімде қандай тазалық пен сапа болады? Осы күнге дейін ашық алаңдағы саудагерлерден өнімнің әзірленген күні, сақтау мерзімі, сапасы мен қауіпсіздігі туралы ақпарат сұрап жатқан тірі жанды көр-

медік. Саудагерлердің де денсаулығын бақылап жатқан ешкім жоқ. Сондықтан олардың өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі үшін ешкім жауап бермейді. Ең сорақысы, мұндағы тауарлар салы-монеллез, туберкулез, тағамдық токсикоинфекция, ботулизм секілді ауруларды жұқтыруымен қауіпті. Бұл қоздырғыштар адам ағзасына көбінесе ластанған немесе термиялық өңделмеген өнімдер арқылы енетінін көпшілік ұмытпаса дейміз.

Сақылдаған сары аязда да саудасы қызған жайма базардың алда күн жылып, көктем келгенде қыза түсетіні анық. Бірақ қарапайым халық жабайы сауданың да тиімділігі бар дейді. Айтуларыңша ашық алаңдардағы сауда бағаның тұрақты болуына сеп. Өйткені, үлкен сауда дүкендерінде азық-түлік нарықтағы бағадан жоғары. Себебі, олар орын үшін ақы төлейді. Оның есебін шығару үшін тауарға үстеме ақы қосады. Ойлап отырсақ, бұл сөздің де жаны бар секілді. Бірақ ол бөлек әңгіме. Десек те, біз сөз еткен тақырып әлі де өзекті. Бір білгеніміз, жабайы сауданы ауыздық-тау әзірге ешкімнің қолынан келмей тұр.

ФОРУМ

Жаңа құрылыс Кодексі:

«Сейсмикалық қауіпті бағалау» ҰҒЫМЫ ЕНГІЗІЛЕДІ

Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институтының ұйымдастыруымен Алматыда екінші рет өткен халықаралық форумға Қазақстан, Германия, Италия, Корея, АҚШ, Түркия және басқа да елдердің индустриялық құрылыс саласының сарапшылары мен белгілі практиктері қатысты.



Досбол
АТАЖАН

Форум барысында құрылыс қызметінің түрлі бағыттары бойынша пленарлық сессиялар мен панельдік пікірталастар өтіп, құрылысты дамытудың ең өзекті міндеттері талқыланды. Сондай-ақ, қатысушылар өнеркәсіптік және коммерциялық ғимараттар, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар (мектептер, ауруханалар, спорт орталықтары) және инфрақұрылым объектілері үшін қолданылатын құрама бетонның құрылыс жүйелерін қолдану, сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету сынды тақырыптарда пікір алмасты.

«ҚазҚСҒЗИ» басшысы форум барысында елімізде құрылыс кодексі әзірленіп жатқанын айтып, жаңа заңнаманың ерекшеліктеріне тоқталды. Оның айтуынша, жаңа құрылыс кодексінде «сейсмикалық қауіпті бағалау» ұғымы енгізіледі. «ҚазҚСҒЗИ» басшысы құрылыс кодексін әзірлеуші жұмыс тобында 200-ге жуық адам бар екенін атап өтті. Оның айтуынша, жұмыс тобының құрамына қоғамдық ұйым өкілдері, сала сарапшылары, белсенді тұрғындар енген. Кодекс жобасы қазір кодекс Мәжіліс қарауында.

10 балдық аймақ ғимараттары 4 қабаттан биік болмауы тиіс

Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институтының маманы Ералы Шоқпаров өткен айда Алматыда болған 5 балдық жер сілкінісі қаладағы құрылыс нормалары сақталғанын көрсетті деп бағалайды.

«23 қаңтардағы жер сілкінісі Алматыдағы ғимараттар-



Суретті түсірген Саят ҚҰСАЙЫНОВ.

дың біршама мықты екенін көрсетті. Себебі, 5 балдың өзінде тұрғын үйлерде де, басқа құрылыс нысандарында, жүк көтеретін конструкцияларда да ақаулар жоқ. Ақаулар тек қана жүк көтермейтін конструкцияларда жарықшақ түрінде пайда болған. Бұл нені білдіреді? Яғни біздің елімізде сейсмикалық төзімділік құрылыс нормалары қатаң сақталғанын көрсетеді. Осы ретте құрылыс нормасы тек көпқабатты үйлерді ғана қамтымайтынын айта кеткен жөн. Алматы қаласы сейсмо-қауіпті аймақ болғандықтан, кез келген ғимарат ережеге сай салынуы керек. Бұған жер үйлер де кіреді. Алматыдағы жер үйлер сейсмикалық нормаларға сай болуы қажет. Бүгінде жеке-кемешік үйлер жауапкершілігі үй иесінің өз иелігінде. Жеке қаражатқа салынғандықтан, оған Үкімет араласпайды. Сол себептен, құрылысты бастамас бұрын білікті мамандардан кеңес алып, қауіпсіз жоба жасатуы қажет. Тұрғындар біздің Ғылыми-зерттеу институтына келіп, кеңес ала алады. Бұл кеңесті біз кез келген адамға береміз, себебі үйді құрылыс нормаларын ескере отырып салуға шақырамыз, – деді «ҚазҚСҒЗИ» маманы Ералы Шоқпаров.

Ол сондай-ақ, Алматы қаласында көпқабатты үйлерді салудағы ережелерге де тоқталып өтті: «Құрылыс нормасында

көпқабатты ғимараттарға өзінің құрылыс аймағына байланысты қойылатын шектеулері бар. Сейсмикалық аудандағы құрылыс нормасында 9/2 деген кесте бар. Мәселен, 9 балдық аймақта монолиттік ғимарат 12 қабаттан аспауы керек, 10 балдық аймақта 4 қабатты ғимарат салынуы тиіс. Ал 9 балдық аймақта кірпіш ғимарат 2 қабаттан жоғары болмайды. Биіктігіне байланысты қатаң сақталатын осындай ережелер бар».

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бегман КУЛБАЕВ,
«ҚазҚСҒЗИ» АҚ бас директоры:

Кодекске сейсмикалық зондтау және паспорттау жөнінде баптар қосылады

«Қазақстан аумағының 43%-ы сейсмикалық қауіпті аймаққа жатқызылған. Сондықтан елімізде сейсмикалық қауіпсіз құрылысқа ерекше көңіл бөлінеді. Оған қоса, Мемлекет басшысының тапсырмасымен 1 жылға жуық уақыт құрылыс кодексінің жобасы әзірленіп жатыр. Құрылыс кодексінің жобасында сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймақтарда жобалау және құрылыс жүргізуді реттейтін тарау қарастырылған. Өкінішке қарай, бұл қазіргі заң актілерінде жоқ. Жоба ішінде осындай тарау қарастырған кезде біз сейсмикалық қауіптілігі жоғары мемлекеттердің әлемдік тәжірибесін алып қана қоймай, оларды жергілікті ерекшелікке қарай бейімдеуге тырыстық», – деді.

«Құрылыс кодексінде бірқатар жаңа ұсыныс енгізілді. Мысалы, «сейсмикалық қауіпті бағалау» термині. Бұл жаңа түсінік емес. Бірақ Қазақстан үшін оны заң нормаларына енгізу кішігірім жаңалық десек болады. «Сейсмикалық қауіпті бағалау» термині белгілі бір аумақта белгілі бір магнитудасы белгілі бір уақытта жер сілкінісінің болуы мүмкін екенін анықтаумен түсіндіріледі. Сейсмикалық қауіпті бағалау тұрғындар мен ғимараттардың жер сілкінісіне қаншалықты дайын әлі қорғанған екенін анықтауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта бұл термин кодекс жобасына еніп отыр. Сонымен қатар, кодекске сейсмикалық зондтау және паспорттау жөнінде баптар қосылады. Паспорттау жөнінде айта кетуіміз керек, біздің институттың басшылығымен 2017-2018 жылдары Алматы қаласында паспорттау процесі бірнеше кезеңдермен жүргізілген болатын. Нақты айтқанда, 10,5 мың нысан, оның ішінде көпқабатты тұрғын үй кешендері, әлеуметтік нысандар, білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарының ғимараттары тексерістен өтті».



ТҰРҒЫН ҮЙ

ЖАҢА ИПОТЕКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

1 наурыздан бастап іске қосылады

Алматыда жылжымайтын мүлік нарығы өзектілігін ешқашан жойған емес. Сондықтан болар, жыл өткен сайын қалада тұрғын үй құрылысы қарқынды дамып, түрлі ипотекалық бағдарламалар саны артып келеді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Халықтың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыруда ипотекалық бағдарламалардың да үлесі зор. Мәселен, бүгіннен бастап іске қосылатын «Отау» жаңа тұрғын үй бағдарламасы алматылықтар үшін де жағымды жаңалық болары сөзсіз.

Көктемнің алғашқы күнінен өтінім қабылдауды бастайтын жаңа бағдарлама 1 наурыздан 30 сәуірге дейін жалғасады. Ол үшін үміткерлер Баспана маркет (otbasybank.kz) порталында бағдарламаға қатысу туралы өтініш жолдай алады. Мамандардың айтуынша, өтініш беру уақыты маңызды емес.

Айта кетерлігі, бағдарламаға банк салымшыларымен қатар тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтардың барлығы қатыса алады. Ең басты талап – Баспана маркетте жинақ шотыңыздың болуы және оның мерзімі 18 айдан кем болмауы тиіс. Алайда, шотыңызда 1 миллион теңгеге жетпейтін қаражат болса, бағдарламаға қатыса алмайсыз. Бұған қоса, үміткер мен оның отбасы мүшелерінде кейінгі 5 жыл ішінде атында жылжымайтын мүлік болмауы керек. Егер Алматы мен Астана қалаларынан тұрғын үй алуды жоспарласаңыз, аталған қалаларда тұрақты тіркеудің болуы шарт. Бағдарламаның ерекшелігі сол, жобаға 18–63 жас аралығындағы кез келген азамат қатыса алады. Десек те, Отбасы банк өкілдері 35 жасқа дейінгі жұмыс істейтін жастарға басымдық беріледі дейді. Мамандардың айтуынша, өтінім беру уақыты аяқталғаннан кейін, otbasybank.kz сайтында қатысушылар тізімі автоматты түрде жасакталады. Ал тізімге ең көп ұпай жинағандар кіреді.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«ОТАУ»
бағдарламасының
шарттары:

- Алғашқы жарна 20%-дан басталады;
- Кредит бойынша мөлшерлеме жылдық 9%.
- Несие 19 жылға дейін беріледі.

ҰПАЙЛАР ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ?

- салым бойынша сыйақы мөлшері үшін – әрбір 1000 теңгеге 5 балл;
- салым мерзімі үшін – салымның әрбір жылы үшін 5 балл;
- тіркелген неке үшін – 10 балл;

– балалардың болуы үшін – санына қарамастан 50 балл.

Егер үміткерлердің ұпайларының саны бірдей болып қалса, онда басымдық салым сомасы көбірек және жинақтау мерзімі ұзағырақ адамдарға беріледі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«ОТАУ» БАҒДАРЛАМАСЫ 7 ЖЫЛҒА ЕСЕПТЕЛГЕН

«Отау» бағдарламасы – тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне қатысушылар үшін баспана сатып алудың қосымша құралы. «Отбасы банк» АҚ басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимованың айтуынша, аталмыш бағдарлама жұмыс істейтін жастарды, жас отбасыларды, Отбасы банктің салымшыларын тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл жыл сайын жас отбасылардың жартысынан астамы 35 жасқа дейінгі қазақстандықтарға кредит беруге бөлінетінін білдіреді.

– Жыл сайын біз қаржыландыруға 150 млрд теңге бағыттайтын боламыз. Бұл ақша Отбасы банктің өз қаражаты есебінен бөлінетін болады, сондай-ақ қазақстандық қаржы нарығынан да қарыз алып, қаражат тартуды жоспарлап отырмыз. «Отау» бағдарламасы 7 жылға есептелген. Осы кезеңде біз 50 мың азаматтың тұрғын үй мәселесін шешуге көмектесеміз, – дейді басқарма төрағасы.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

- «Отау» бағдарламасын іске асырудың барынша ашықтығы үшін оның қатысушыларының тізімі (заем алушылардың келісімімен) Отбасы банктің сайтында жарияланатын болады.
- Үміткерлер өтінімдерді іріктеу және ұпайларды есептеу нәтижелерімен otbasybank.kz порталда таныса алады.

Іріктеуден өткен қатысушылар 40 жұмыс күні ішінде несиелік өтінім бере алады. Банктен оң мақұлдау алған жағдайда несиелік өтінім 6 ай ішінде жарамды болады. Осы уақыт аралығында бағдарламаға қатысушы баспана тауып, несие алып, оны сатып алуы керек.

ЗАЕМ КӨЛЕМІ ҚАНДАЙ ЖӘНЕ
ҚАНДАЙ ТҰРҒЫН ҮЙ САТЫП
АЛУҒА БОЛАДЫ?

- Алматы мен Астанадағы заемның ең жоғары сомасы – 30 млн теңгеге дейін;
- қалған өңірлерде – 18 млн теңгеге дейін.

– тек алғашқы нарықтағы тұрғын үй – Алматы, Астана, Шымкент қалаларында және облыс орталықтарында (оның ішінде ҚТК кепілдігімен үлестік қатысу шарты бойынша);

– басқа елдімекендерде кез келген тұрғын үй.

Ескерте кететін жайт, бағдарламаға қатысушы жаңа тұрғын үйді Баспана маркет (otbasybank.kz) порталынан ғана сатып ала алады. Бұл қызмет жаңа тұрғын үй бағдарламасының басталуы аясында тұрғын үй бағасының жасанды өсуіне жол бермеуге арналған.

Айта кетейік, әрбір нысан аталмыш платформаға орналастырылмастан бұрын, тұрғын үйдің ағымдағы нарықтық бағасы негізінде құнын бекіту процесінен өтетін болады. Егер ол нарыққа сәйкес келсе, онда құрылыс салушымен шаршы метр бағасын белгілей отырып, тұрғын үйді сату туралы келісім жасалады.

НАРЫҚ

НЕСИЕГЕ НЕГЕ ҚҰМАРМЫЗ?

Қазіргі таңда несие жоқ адам кемде-кем шығар. Көбінде ипотека, кредит бар. Әйтеуір қу тіршілік жұмыр басты пендені ойға да, қырға да сүйреп тұр.



(Сурет: Infotimes.kz)

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

XXI ғасыр – арпалыс дәуірі. Мұны жиі айтамыз, мәселе етіп қозғаймыз. Әлеуметтік жағдай алдыңғы қатарға шықты. Сөйтіп, әлеуметті әлекке салып қойды. Айтып айтпай не керек, капиталистік қоғам ешкімнің де басынан сипайын деп тұрған жоқ. Бұл кезеңде баспен ойланып, нәтижеге әрекеттенген дұрыс сияқты. Әйтпесе, қапияда қалып қалуыңыз бек мүмкін.

Нарықтық экономикаға көшкелі қалай, қайда қадам басқанын біл-

мейтіндер де жетеді. Осыдан 2-3 ғасыр бұрын нарық жолына түскендер бүгінде етек-жеңін жиып алды. Біз де осы соқпақпен келеміз. Былайша айтқанда, орта тап қалыптасып келеді.

Дамыған елдерде ата кәсіп дейтін термин кездеседі. Яғни ата-бабасының тоқыма кәсібі болса, соны ұрпақтары жалғап кете береді. Мысалы, кофе өсіретін егістік алқабы болса, оны да келесі буын өрбітіп алып кете алады. Бұл үшін барлық жағдай қарастырылған. Дәп осындай экономикалық жүйе өзімізде де қалыптасса дейміз. Сонда сыртқа қол жаю деген азырақ болар еді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ардақ ЕРМЕК,
қаржы сарапшысы:

БЕЙІМДЕЛУ КЕРЕК

Біздің еліміз нарық жолына енді үйрене бастады. Жұрт есеп-қисапқа мықты бола түсті. Бірақ қаржылық сауаттылық жағы ақсап келеді. Азаматтардың жаппай несиеге ұрынғаны дұрыс емес-ті. Бір тараптан қарасақ, адам керек қылғандықтан банкке қарызданады. Біреу баласын оқытады, екіншісі той жасайды, денсаулығына ақша қажет болады,

осылайша өмір дөңгелене береді. Осының бәрін ақшаның күшімен жасайсыз.

Негізі кредитке ұрынғаннан гөрі алдын ала қаржы жинап үйренген абзал. Яки, баланыз мектепке барған сәттен көмелеттік жасқа толғанша депозит жинаңыз. Тіпті, жалғыз-басты адамдар болатын болсаңыз, айлық табыстың 30–40%-ын жинай алсаңыз қандай ғажап. Кемінде 5–7 жыл тұрақты жинап дағдылану керек. Сонда өзіңіз ойлаған үй, көлік бәрін сатып ала аласыз. Есесіне, несие деген нәрседен арыласыз. Міне, осындай қарапайым қағида адамға көмегін тигізері сөзсіз.

Абзал ҚАЙЫРБЕКОВ,
қала тұрғыны:

ӨМІР СҮРУГЕ БОЛАДЫ

Кредит деген бас қайғыға айналды. Өзім көлік шеберімін. Қаланың жеке ТЖО-ның бірінде жұмыс атқарамын. Таңның атысы, кештің батысы темір-терсектің арасында жүреміз.

Бала-шағаны бағу үшін қосымша жұмыс жасаймын. Кешкі уақытта, жұмыстан қолым қалт еткенде таксист боламын. Мақсатым – балаларымды тарықтырмау. Қазіргі

бүлдіршіндерді бағып-қағып өсіру, түрлі үйірге апару, бәрі-бәрі қаражатқа келіп тіреледі. Сондықтан жайбарақат жүруге негіз жоқ. Өткен жылы қала шетінен жер телімін сатып алдым. Іргетасын да құйдым. Келіншегім балабақшада тәрбиеші. Екеуміз екі жақтап ақшаны ептеп, үлкен үй салуға қаржы жинап жүрміз. Бала-шаға біз көрген қиыншылықты көрмей, еш алаңсыз балалық шағын өткізсін деп тілейміз. Сондықтан несиеге жоламай, алдын ала қаржы жинап жүрген жайымыз бар. Жалпы, «әрекетке берекет» деген жақсы тәмсіл екен. Өмірде талпынсаңыз, бар ойлағаныңыз жүзеге асады деп білемін.



ЭКОЛОГИЯ

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТЕҢДЕССІЗ ЖЕҢІСІ

«Невада–Семей» халықаралық антиядролық
қозғалысының құрылғанына – 35 жыл

1989 жылы 28 ақпанда белгілі ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов бастаған белсенділер бастамасымен құрылған ұйым Семей полигонын жабу мен әлемнің басқа да сынақ полигондары қызметін тоқтату бағытындағы күреске елеулі үлес қосты.



Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында қозғалыс өкілдері оның қалыптасу тарихы мен жоспарлары туралы айтып берді.



Брифинг барысында алғаш сөз алған «Невада–Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының вице-президенті **Валерий Жандәулетов** өз естеліктерімен былай бөлісті.

– Бұл оқиға еліміз үшін өте маңызды. Өйткені, «Невада–Семей» қозғалысының қалыптасуы Тәуелсіздігіміздің теңдессіз жеңісі еді. Баршаңызға мәлім, Кеңес Одағы кезінде ядролық сынақтар туралы жалған айтылып, оның зардабы жайында барлық фактілер жасырын болды. 1989 жылы 28 ақпанда Олжас Омарұлы Жазушылар одағында қозғалыстың құрылғаны жөнінде мәлімдеме жасағаны тарихтан белгілі. Ондағы мақсат – қазақ жерінде ядролық қару сынаудан болып жатқан зиянды жою, атом полигонын жабу болатын, – деді ол. В.Жандәулетов 1989 жылы қозғалыс сол жылға жоспарланған 18 ядролық жарылыстың 11-ін болдырмағанын да еске салды.

Маңызды жұмыстар күтіп тұр



Антиядролық қозғалысты ұйымдастырудағы зор еңбектің артында қоғам қайраткері, ақын, жазушы Олжас Сүлейменов тұр. Бұл туралы брифингке қатысқан белгілі эколог және «Табиғат» Қазақстан қауымдастықтары мен кәсіпорындарының экологиялық одағының басшысы **Мәлс Елеусіз**ов атап өтті.

– Олжас Омарұлы адамзат трагедиясын тоқтата алды. Өз уақытында, дәл 1989 жылы мен оның КСРО Жоғарғы Кеңесіне сайлау науқаны бойынша көмекшісі болдым. Бір күні оған полигоннан ұшықшы жарылыс болып, газдар шығарылды деп қоңырау шалды. Содан кейін біздің «Невада–Семей» қозғалысы басталды. Ол қазір 35 жаста, қозғалыс әлі де өз жұмысын жалғастыруда. Қазір әлемде қару жарысы жалғасуда. Бір кездері біз полигонның жұмысын тоқтатқан болсақ, қазір қару-жарақ жарысын тоқтатуымыз керек. Барлығымызды өте маңызды жұмыс күтіп тұр, – деді ол.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Жастар қанаты құрылған



Ядролық қаруға қарсы қозғалысты ұйымдастырудың мақсаты – Семей полигонын және әлемнің барлық ядролық полигондарын жабу, әскери мақсатта ядролық сынақтарды тоқтату, ядролық соғыс қаупін жою. Сол мақсатпен «Невада–Семей» қозғалысының жастар қанаты құрылды, деп атап өтті өз кезегінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы жастар ұйымының төрағасы **Гүлжанат Танабекова**.

– «Невада–Семей» жастар қозғалысы 2016 жылы Олжас Сүлейменов пен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бұрынғы ректоры Ғалымқайыр Мұтановтың басшылығымен ұйымдастырылды. Біз қозғалыс ісі өшіпеуі, жалғасуы және ұмытылмауы үшін мақсат қойдық. Қазіргі уақытта мұндай жастар қанаттары еліміздің басқа жоғары оқу орындарында да жұмыс істейді, – деп бөлісті ол.

Зардап шеккендердің толық тізімі жоқ



«Невада–Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының ардагерлер кеңесінің төрағасы **Майдан Әбішев** ядролық полигоннан зардап шеккендердің тізімін жасау бойынша жұмыс әлі аяқталмағанын атап өтті.

– Қозғалыспыз, біздің ғалымдар осы іспен айналысады. Бірақ біз мемлекеттік мекеме де, мемлекеттік жоғары оқу орындары да емеспіз. Біз жай ғана қоғамдық ұйым сияқтымыз. Мұны Семей қаласында орналасқан радиациялық медицина және экология институты нақты жүзеге асырады. Санды қалай анықтауға болатын жалғыз әдіс бар. Оны тіс эмалінің парамагниттік резонанстық сигналы арқылы анықтайды. Бұл әлемдегі тіс эмалінің инфекция дәрежесін анықтаудың жалғыз әдісі. Қазіргі таңда зардап шеккендердің толық тізілімі әлі жоқ. Бірақ жұмыс жүргізілуде, – деді ол.

«Таза ел – таза планета» бағдарламасы бар

Аталған ұйымның ғылыми хатшысы **Людмила Прус** жастардың ядролық қаруға қарсы күрестегі рөлін атап өтті.

– Бірнеше жыл бұрын біздің қозғалысымыздың жетекшісі Олжас Сүлейменов әлем эстафетасын жастарға беру керек деген бастама көтерді. Бірақ бұл эстафетаны жастарға табыстау үшін оларды есейту керек, олармен жұмыс істеу керек. Біз, біздің қозғалыс, үлкен жұмыс жасадық. Қазақстанның Павлодар облысындағы өңірлерінің бірінде жастардың бастамасымен альянстың штаб-пәтері құрылды. Балалар үлкен жұмыс атқаруда. Олар көптеген елдердің жастарымен байланыс орнатты. Қазір Жаһандық жастар бітімгершілік қозғалысын құру бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Жыл сайын Баянауылда форумдар, бейбітшілік лагерлерін өткізеді. Біздің жастар керемет! Осыған орай жастарды үлкен жұмыс күтіп тұр, әлбетте, біз оларға көмектесеміз. Қозғалыста проблемалық комитет (радиация, экология, денсаулық) бар. Ол қозғалыс бүгінгі күнге дейін жұмыс істейтін бағдарламаны құрды. Бұл жер мен адамды жандандыру бағдарламасы. Ал Олжас Омарұлы бұл бағдарлама бірнеше бөлімдерден тұратындай бастама көтерді: таза ауа, таза су, таза жер, таза өнім және адам қатынастардың тазалығы. Біздің проблемалық комитет ғылым мен өндірістің әртүрлі бағыттары бойынша 32 сараптамалық кеңесті қамтыды. Мұнда белгілі ғалымдар жұмыс істейді», – деп қосты Людмила Прус.

Жастар қазір «Таза ел – таза планета» бағдарламасымен жұмыс істеуде. Олар бағдарлама жасайды және жұмысты жоспарлайды. Бұл жұмыс тек басқа университеттердің, басқа елдердің жастарымен ғана емес, сонымен бірге қозғалыс, жер мен адамның қайта өрлеу бағдарламасымен байланысты нақты экологиялық бағыттармен де байланысты.

Семей полигоны туралы көптеген кітаптар, ғылыми еңбектер жазылған. «Олжас Сүлейменов туралы «Өз жерінің елішісі» атты тамаша кітап шықты. Біз тағы бірқатар басылымдарды жоспарлап отырмыз. Мысалы, өңірлерде бола отырып, біз осындай аудиторияда бірден жауап беру мүмкін емес сұрақтар алдық. Сондықтан «Семей полигоны: сұрақтар мен жауаптар» топтамасын шығаруды жоспарлап отырмыз. Жоспарымызда бірқатар басқа кітаптар да бар. Менің ойымша, біз баспа қызметін жалғастырамыз», – деп қорытындылады Людмила Прус.

ТҰСАУКЕСЕР

Сөз өнері күллі өнер атаулының бастамасы екені белгілі. Ал кісінің кісілігін, тіпті қарым-қабілетін сөзінен таныған қазақ сөз өнерін, әсіресе, шешендік өнерді бәрінен биік қадірлеген халық. Ауызы сөзге жарымаған адамға ел тізгінін де ұстатпаған. Елдің қамын да, ердің тағдырын да сөзбен шешкен. Қастасқанды қылышсыз кесіп, даудан-жаудан қызыл тілмен қорғай алатын асылы бекзат өнерді айрықша бағалаған. Өне, сондай ұлт мұрасы әр кезде түрлі деңгейде зерттеліп, зерделеніп те келеді. Соның өзінде тау-теңіз қазынасы түгел ақтарылып, тауыса зерттеліп болды деп айта алмаймыз.

«ҚАЗАҚТЫҢ ШЕШЕНДІК ӨНЕРІ»

Мамай Ахетовтың
үш томдық еңбегі
жарық көрді



Естай
БОЖАН



Күні кеше ғана «Қазақтың шешендік өнері» атты үш томдық қомақты еңбек осы саланың кең айдынына келіп қосылды. Бұл еңбек әдебиет зерттеуші, фольклортанушы ғалым Мамай Ахетовтың 30 жылға жуық еңбегінің нәтижесі. Үш том еңбектің тұсауы «Әуезов үйінде» кесілді.

Айрықша атай кетейік, қазақтың шешендік өнері мен ауызекі сөйлеу дәстүрін монографиялық сипатта қарастыратын бұл еңбекті ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі ұсынып отыр.

Ғылыми еңбектің тұсаукесер шарасына ұлтымыздың сөз өнерін зерттеп-зерделеген ғалымдар, тілші мамандар, өнер мен мәдениет өкілдері және БАҚ өкілдері жиналды. Қатысушылар Мамай Ахетовтың әдебиет пен фольклортануға қосқан сүбелі еңбегін жоғары бағалады. Ғылымдағы қатарлас әріптестері мен қаламдастары еңбек авторының аталған сала бойынша ұзақ жыл еңбек етіп келе жатқанын баса айтып өтті.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бөлім меңгерушісі, ф.ғ.д. Гүлжанан Орда бұл еңбекке тереңдей тоқталып өтті. Оның айтуынша, үш томдық көлемді еңбек шешендік өнердің арғы-бергі тарихын түгелдеген, көркемдік қырларын талдаған. Сонымен бірге, «шешендік өнер қазіргі заманға қалай жалғасты?» деген сауалға да жауап беретінін атап өтті. Ғылымдағы қатарласы бұл еңбекті өзінің 30 жылдық ізденісінің нәтижесінде ұсынып отырғанын да баса белгіледі. Сондай-ақ, осы еңбектің негізінде жоғары оқу орындары үшін оқу құралын құрастыру туралы идеясын да ортаға салды.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің бір дәуірдегі қара шаңырағына айналған ортада ғалымдар мен қаламгерлер қазақтың шешендік өнері турасында да әңгімеледі. Жиынның тізгінін ұстаған аталған институт директоры, ф.ғ.д. Кенжехан Матыжанов жиын тақырыбына орай бірқатар соны ойларын ортаға тастады. Ұлтымыздың шешендік өнерін биік бағалағанына қарамастан, қазіргі жоғары білім өкілдері түрлі шараларда бұған аса мән бермей жүргенін айта келіп, шетелдік тәжірибелерде бұның озық үлгілерін тиімді пайдаланып отырғанына мысалдар келтірді.

Аталған еңбек фольклортанушы, әдебиеттанушы мамандарға, жоғары оқу орындарындағы ұстаздарға, сондай-ақ, ЖОО-дағы педагогика, филология, заң, дінтану факультеттерінің студенттеріне, жалпы көпшілік оқырман қауымға арналған.



ТІЛЕК

София ДОЛИЕРАДУС,
грек ұлысының өкілі:СЫНАҚТА СЫНАЛҒАН
ХАЛЫҚ

Дүрбелең кезеңде 130-дай ұлт пен ұлысқа пана болып, төрін орын берген қазақ халқының жақсылығын ұмыту мүмкін емес! Мен 30-жылдары Қара теңіздің солтүстік-шығыс жағалауында өмір сүрген гректердің ұрпағымын. Қазір жасым 76-да. Сол бір солақай саясаттың кесірінен Қазақстанға жер аударылған жандардың қатарында менің атам да болған. Жантүршігерлік естеліктерін айтқанда, жүрегіміз езілетін. «Далада қалып, ішерге асымыз болмаған кезде қар суымен жүрек жалғадық. Еш жазығымыз болмастан жақындарымыздан айырылды. Туған жерден қуылдық... Сондағы қазақтардың бізге жасаған қамқорлығын дәл біздей ешкім сезіне алмас. Қазақ бізді сынақта сындырмаған халық! Қиын кезде қырын қарамай, туғанындай бауырына басқан мейірбан халық!» деген атамның сөздері әлі құлағымда сайрап тұр. Көзі тірісінде «қазақтың жақсылығын ұмытпандар» деп отырушы еді.

Ойлап отырсам, егер қазақ халқының қамқорлығын көрмегенде бәлкім, бүгінгідей өмір сүрмес пе едік... Осы жерде өніп-өсіп, өркен жайдық. Біздің түріміз бөлек болғанымен, тілегіміз бір. Балаларым мен немерелеріме тарихымыз жайында айтып отырды бабаларымның аманаты деп санаймын. Біздің көршілеріміз қазақтар. Қаннан берілген қасиет шығар, қолынан келсе демеп жіберуге даяр тұратын қарапайым жандар. Кейде емханаға, дүкенге баратын шаруаларым болса, қарсы келместен көмектеседі. Қазақтың «көршің жақсы болса, ұйқың тыныш» деген сөзі осындайда айтылатын шығар. Жаттап алғанмын. Міне, сол тыныштық менің шаңырағымда да бар. Оларды мен де өз балаларымдай қабылдаймын. Қолымнан келгенше барыммен бөлісіп жүремін. Мен бүгін өткенге тағзым ете отырып, қазақ халқына жер аудару кезінде көрсеткен көмегі үшін рахмет айтамын. Мейірімділіктің, достықтың жарқын үлгісіне айналған Алғыс айту күнімен барша қазақстандықтарды құттықтаймын! Қазақ елінің жақсылығы ешқашан ұмытылмайды! Мың алғыс Сіздерге!

ІЗЕТ

Тамила НАСИПОВА,
түрік ұлысының өкілі:БІЗ БАҚЫТТЫ
ҰРПАҚПЫЗ!

Менің ата-бабам Грузияның Түркия шекарасына жақын Аспинзк ауданындағы Гесунда деген ауылда тұрыпты. Анамның айтуынша, Сталиннің бұйрығымен 1944 жылы 14 қарашада Қазақстанға 86 мың түрік депортацияланған екен. 21 күн дегенде қазақ жеріне жеткен. Бірақ сол аралықта 17 мың қандасымыздан айырылыпшыз. «Ауылды солдаттар қоршап алып, жиналуға 15–20 минут уақыт берді. Сөйтіп, бүкіл ауыл қарудың күшімен мал тасытын вагондарға тиелдік. Қай жаққа бара жатқанымызды да білмейміз. Қақаған қыс. Вагонның іші тастай суық. Тоңған, әбден ашыққан мыңдаған адам жол үстінде қайтыс болды. Мәйіттерді жол бойына тастап отырды. Сөйтіп, қаншама қандасымыз жапан далада көмусіз қалды. Ең қорқыныштысы, вагонның бір шетінде адам өліп жатса, екінші бір бұрышында өмірге бала келіп жататын. Қажеттіліктерін де сол вагон ішінде өтейтін. Егер сол кезде бізді қазақтар бауырына баспағанда, өліп кетер едік... Садаған кетейін, қазақ халқы...» деп ата-анамызға айтып отырады екен. Тарих куәгерлері бүгінде жоқ та шығар. Біз сол кездегі бабалар өмірі жайында ата-анамыздан тындап өстік. Мәліметтерге сүйенсек, сол кезде түріктерді Сібірге де жер аударған екен. Бірақ ол жаққа барғандардың бірде-біреуі тірі қалмаған. Анам да «бүгінгідей бейбіт заманда білім алып, өсіп-өніп отырғанымыз тек қазақ халқының арқасы. Сол үшін де біз дархан елдің жақсылығын ешқашан ұмытпауымыз керек» деп жиі айтады.

Қазақстан – біз үшін құтты мекен. Өйткені, біз түрік халқы, мұнда барлық ұлттар мен ұлыстар секілді өзіміздің салт-дәстүрімізді, мәдениетімізді, тілімізді дамыта отырып, татутәтті өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан қазақ ұлтына, оның тіліне деген құрметіміз де бөлек. Қазір балаларымыз Элиф пен Сүлейман қазақ мектебіне барады. Отбасымызбен қазақ тілінде еркін сөйлесе аламыз. Осындай ынтымағы мен бірлігі жарасқан елде өмір сүрудің өзі бір бақыт деп білемін. Мен бүгін ата-бабамызды бауырына басып, бір үзім наным бөліскен кең пейілді қазақ еліне отбасымыздың атынан шын жүректен алғыс айтамын! Мереке құтты болсын!

Әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

БҰЛ – МЕЙІРІМДІ

Еліміз үшін көктемнің алғашқы күні

(Басы 1-бетте)

АЛҒЫСТЫҢ
ҮЛКЕН-КІШІСІ ЖОҚ

Салтанатты жиында алғаш болып сөз тізгінін алған Алматы қаласы Мемлекеттік архивінің директоры Абзал Ботанов жиналған қауымды Алғыс айту күнімен құттықтап, бір тудың астында ынтымақ-бірлікте өмір сүріп жатқан жүзден астам этнос өкілдерінің тәуелсіз еліміздің өркендеуі жолында қосып жатқан үлесі, ерен еңбегі туралы атап өтті.

– Алғыстың үлкен-кішісі жоқ, риясыз көңілден шыққан барлық ілтипаттың құны биік біз үшін. Біз сіздерді өз шаңырағымызда көріп отырғанымыз үшін қуаныштымыз. Бұл біздің архивтегі Алматы қаласының барлық этномәдени орталық өкілдерімен болып отырған алғашқы кездесу. Биыл жарты миллион шешен мен ингуштың Шешен-Ингуш АССР-нан депортацияланғанына 80 жыл толады. 1944 жылдың ақпанында осы аталған этностарды Қазақстан мен Қырғызстан аумағына күштеп депортациялау басталғанын бәріміз тарихтан білеміз. Біздің архив өткен тарихты қаз-қалпында сақтайтын бірден-бір мекеме. Қорларымыздың құжаттарынан елімізге жер аударылған халықтардың сол замандағы ахуалынан хабардар ететін өмірбаяндық және жеке құжаттарды табуға болады, – деді Абзал Кабдолбаритұлы.

Тарихқа сәл шегініс жасасак, біз 2016 жылдың 1 наурызынан бері, биыл тоғызыншы жыл Алғыс айту күнін атап өтудеміз. Өзіміз бірге көгілдір көктемді, жылы лепті ала келетін мерекенің Республикамыз үшін маңызы зор. Ресми мәртебесі бар бұл айтулы күн, шын мәнінде Қазақстанның өткен ғасырда бастан кешкен соқтықпалы-соқпақты тарихи оқиғаларының жаршысы іспетті.

XX ғасырда орын алған оқиғалар Қазақстан халқының құрамына қатты әсер етті. Бұл, әсіресе, өткен ғасырдың 20-жылдарының басында Кеңес империясының күштеп қоныс аудару саясаты кезінде Ресей, Украина және Беларусь топырағынан үйсіз, күйсіз шаруаларды Орта Азия мен Қазақстанға жер аударған кезде айқын көрініс тапты. Сол замандағы ұжымдастыру кезеңінде біздің елімізге барынан, иелігінен айырылған 250 мың шаруа айдалған. Ал 1937–1944 жылдары Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен, ара-



сында неміс, поляк, қалмақ, Қырым татары, корей, шешен, ингуш, күрд, месхет түріктері және Закавказьенің басқа да халқы бар, бес миллионнан астам адам жер аударылды.

Қоныс аударушылардың жаңа толқыны тың жерлерді игеру уақытына, яғни 50-жылдарға сәйкес келді. Бұл кезеңде елімізге әр ұлттың жаңа қалалар тұрғызуға, қолхоздар мен совхоздар құруға, ауылшаруашылығын көтеруге ынтылаы жас толқыны көптеп келе бастады. Олардың көпшілігі Қазақстанда тұрақтап қалды. Себебі, оларды елімізде ешкім бөтенсіп сыртқа тепкен жоқ. Қазақ жерінің ыстық құшағы, жергілікті халқының кеңпейіл, бауырмал, қонақжай қасиетінің арқасында сіңісіп кетті, Отаным деп таныды. Ал бүгінде Қазақстанда 130 этнос өкілі бірбірімен тату-тәтті ғұмыр кешіп жатыр. Біздің елдің мемлекеттік саясаты барлық ұлт өкілдерінің иық түйістіре, бейбіт қатар өмір сүріп қана қоймай, өздерінің ұлттық дәстүрін сақтап, мәдениетін де дамытуына жағдай жасауға бағытталған.

«АШЫҚ ЕСІК» КҮНІ

«Дөңгелек үстел» барысында сөз алған Алматы қаласы Мемлекеттік архивінің құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімі басшысы Алтынай Баданбекова сонау заманда біздің елге депортацияланған түрлі этнос өкілдері туралы бірталай ресми құжаттарды жинап, сақтап отырған архив мекемесіне жиналған меймандар үшін бүгін сондай-ақ «Ашық есік» күні екенін де атап өтті.

– Елімізде 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған болатын. Сондықтан да Алғыс айту күні дәл осы күнге кездейсоқ таңдалмаған. Халықтар арасындағы достық пен татулық, бірлік пен келісім символы іспетті. Бұл күні республиканың барлық тұрғыны бір-біріне және қазақ бауырларына сол бір сын шақтарда тарылмай, қолындағы барын, бір үзім наным бөліп берген үлкен жүрегі үшін алғыс білдіреді. Ал қазақ халқы басқа этнос өкілдеріне қазақ еліне деген риясыз қа-





Суреттері түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЖҮРЕКТІҢ ҮНІ

«рахмет» сөзінен басталады

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

БАУЫРМЫЗ, ДОСПЫЗ, ТУЫСПЫЗ

Этномәдени бірлестіктердің өкілдері сөз алады

«Дөңгелек үстел» басында этномәдени бірлестіктер өкілдеріне «еркін микрофон» ұсынылды. Олар ешқандай баяндамасыз, жүрегінен шыққан шынайы, риясыз көңілдерін жеткізді. Мәдени орталықтарының жұмысы, өздерінің салт-дәстүрі, күнделікті тұрмыс-тіршілігі жайында аңгімеледі.

Всеволод ЛУКАШОВ,
орыс этномәдени орталығының төрағасы:

– Бүгінде әлемдегі феномен ретінде танылған Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі 130 этностың басын біріктіріп, өз жұмысын жемісті жүргізіп келеді. Бір кездері, қиын-қыстау заманда тағдырдың айдауымен Қазақстанға келген түрлі этнос өкілдері қазақ жерінен жайлы орта тауып, өсіп-өнді. Қазақ елінде өмір сүріп жатқан кез келген этнос бір-бірін бауыр көреді, дос тұтады. Иә, бүгінде бәріміз тату-тәтті, ынтымақта гұмыр кеішіп жатырмыз. Балаларымыз еш кедергісіз білім алуда. Мәдениетімізді де, салт-дәстүрімізді де ешкім шектеп жатқан жоқ. Жақсы өмір үшін күнде алғыс айтсақ та, артық емес. Ал бізге осындай жылы жүздесу ұйымдастырған Мемлекеттік архив ұжымына да алғыс айтамыз. Бұл ғимараттың қабырғасына біздің құнды тарих қатталған. Ертең тарихқа айналатын бүгінгі күнді бірге жасай беретін боламыз.

Зульфия ХУСЕЙНОВА,
түрік этномәдени орталығы төрағасының орынбасары:

– Ниеті тар, ешкімнің жетістігін, қуанышын бөлісуге жоқ сараң адам алғыс айта алмайды. Ал бір ауыз «рахмет» сөзімен өзінің де, өзгенің де жүрегіне қуаныш дәнін сеуіп жүретін жандардың өмірде әрдайым жолы ашық болады деп ойлаймын. Алғыс айту – бұл мейірімді жүректің үні.

Біз, шыны керек, этномәдени орталықтағы қоғамдық жұмыстарымызды ешқандай жалақысыз атқарып жүрміз. Себебі, біз одан ләззат аламыз. Барлық этносты жылы бесігінде тербетіп отырған Қазақстан елі гүлденіп, уақыт көшінен қалмай дами берсін деген тілектеміз. Ол үшін біз де үлесімізді қоса береміз.

Коммунар ИСЛАМБЯРОВ,
ұйғыр этномәдени орталығы төрағасының орынбасары:

– Бұл күн мейірім мен достық үстем құратын жарқын мерекеге айналды. Алғыс айту күні – азамдардың өзінің жақындарына, еліне және халқына алғысы мен ризашылығын білдіретін, сондай-ақ өз ұлтының мәдени және дәстүрлі құндылықтарын паш ететін мейрам.

Бүгінгі экскурсия өте жақсы болды. Қаламыздың Мемлекеттік архивінің осыншалықты бай қорына таңданып отырмын. Бұл ертеңгі ұрпақ үшін керек құндылықтар. Архив қорының бұдан әрі толығы беруіне біз де атсалысамыз деп ойлаймын. Өзара құрмет пен сыйластық бізді жаңа биіктер мен белестерге бастай беретініне сенемін.

рым-қатынасы, Қазақстанның дамуы мен өркендеуіне қосып келе жатқан үлесі, бір Отан, бір ел деп соққан жүрегі, достық пейілі үшін алғыс білдіреді. Ал біз өз кезегімізде сіздерге, архивімізге қонаққа келген барлық этнос өкілдеріне алғыс айтқымыз келеді. Сондай-ақ, өздеріңізге игілікті жұмыстарымыз жайында, Алматыда тұрған, еліміздің өндірісіне, ілім-білім, мәдениетіне елеулі үлес қосқан түрлі ұлт өкілдерінің ізі, қолтаңбасы қалған құжаттар, оларды ұмытылмас тарих үшін көздің қарашығындай қалай сақтап отырғанымыз туралы аңгімелеп, өздеріңізбен тың жаңалықтарымызбен бөліскіміз келеді. Оның бәрі біздің қор құрушылардың жеке мұрағаттарынан алынған, Алматы қаласының Мемлекеттік архивінде мәңгі сақталатын құнды құжаттар, – деді Алтынай Сақанқызы.

дерінің ізі, қолтаңбасы қалған құжаттар, оларды ұмытылмас тарих үшін көздің қарашығындай қалай сақтап отырғанымыз туралы аңгімелеп, өздеріңізбен тың жаңалықтарымызбен бөліскіміз келеді. Оның бәрі біздің қор құрушылардың жеке мұрағаттарынан алынған, Алматы қаласының Мемлекеттік архивінде мәңгі сақталатын құнды құжаттар, – деді Алтынай Сақанқызы.

АРХИВ МҰРАҒАТЫ ТАҒЫ ДА ТОЛЫҚТЫ

Ал Алматы қаласы Мемлекеттік мұрағатының бас сарапшысы Олег Белоносов «IX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Түркістан аумағында тұрған ұлттар» тақырыбын тарқатты.

Келесі кезекте жиналған қауымның назарына ертеңгі тарих үшін жинақталған, қаламызда тұратын түрлі этнос өкілдерінің мәдени орталықтарының қалай құрылғаны, олардың қалыптасу кезеңдері, мегаполис өміріндегі рөлінен мол мағлұматтар беретін қорлар туралы бейнеролик ұсынылды.

Мәселен, №432 қорда Алматы вагон жөндеу зауытының «Қоныс аударушы-зауыт қызметкерлерінің жеке істері», №197 қорда Алматы қалалық мүгедектер кооперативтік одағына 1944-1945 жылдары жұмысқа орналасқан қоныс аударушылардың тізімі және олар туралы мәліметтер сақталған. Ал №22 қор Алматы қаласының прокуратурасы, «Оңалту істері» туралы сыр шертеді.

Сондай-ақ, қонақтар Алматы қаласы Мемлекеттік архиві ғимаратына экскурсия жасады. 4-қабатта орналасқан «Музей бұрышымен», 5-қабаттан орын тепкен «Құжаттарды жаңғырту, түптеу және сақтандыру қорын құру бөлімі» мен «Цифрландыру бөлімінің» тың жаңалықтарымен танысты.

Достық ілтипатқа толы басқосуда ұсынылған «Алғыс айту – асыл қасиет» деген тақырып аясындағы көрме де көз қуантты.

Басқосуды түйіндеген Алматы қаласы Мемлекеттік архивінің директоры Абзал Ботанов бүгінгі қазақстандық патриотизмнің, бірлік пен достықтың жарқын күнінде баршаға амандық пен жақсылық, табыс пен береке тіледі.

Меймандарға сый-сияпат ұсынылды. Этномәдени бірлестіктер өкілдері естелік суретке түсті. Ол сурет те архив мұрағатына осы бір жарқын күннің бір белгісі ретінде қатталатын болады.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА,
журналист.

ЛЕБІЗ

Римма РАМАЗАНҚЫЗЫ,
педагогика ғылымының докторы,
профессор:

«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА АЛҒЫС АЙТАМЫН!»



Биыл дүнген халқының Қытай жерінен Қазақстанға қоныстанғанына тұра 146 жыл толып отыр. Сонау 1877–1882 жылдары Цинге қарсы дүнген шаруалар көтеріліп, талқандалғаннан кейін бұл ұлт Қазақстан аумағына қоныс аударады. Қазақ жеріне қоныстанған дүнгендер Қазақстанды өздерінің екінші Отаны санайды. Бауырмал қазақ халқының жасашырлығының арқасында ежелгі тарихын, тілін, дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтап қалды. Былтыр елімізде жүргізілген халық санағы кезінде Қазақстанда тұрып жатқан дүнгендердің саны 82 000-ға жеткені анықталды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Еліміздің білім саласының дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан дүнген қызы Римма Масырова Алматы облысы, Панфилов қаласындағы жұмысшы отбасында дүниеге келген. Жастайынан қағілез өскен қыз орта мектептен соң Алматыға аттанады. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының филология факультетіне түсіп, осы оқу орнын қызыл дипломмен бітіреді. Оқытушылары қанша үгітесе де, жас маман ауылға барғанды жөн санайды. Ондағы ойы қаладан алған білімін ауыл балаларына үйретіп, саналы ұрпақ қалыптастыруға үлесін қосқысы келгені болса керек. Өрине, жастық шақтың да әсері жоқ емес. Сол кезден күні бүгінге дейін ағартушылықпен айналысып келе жатқан Римма Масырованың қазақ халқына деген сүйіспеншілігі ерекше.

– Мен өзімнің осы күнге дейін қол жеткізген табысымды үнемі қазақ халқының қолдауымен байланыстырып отырамын. Өзімді үлкен өмір мектебінен өттім деп ойлаймын. Алғашқы еңбек жолымды аудандық білім бөлімінің әдіскері болып бастап, Панфилов атындағы педагогикалық колледжінде, сосын І.Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтының комсомол комитетінде хатшы болдым. Білімді Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетінің «Педагогика» кафедрасының аспирантурасының күндізгі бөлімінде жалғастырдым, – деп еске алады ол.

Ана тілін ғана емес, қазақ, орыс, ұйғыр, түрік, неміс тілдерін жетік білетін Римма Рамазанқызы бірде тың шешім қабылдап, ұзақ жолға дайындалады. Түркиядағы Улудаг университетінде ғылыми тағылымдамадан өткен соң қазақ қыздарының парасат мектебі атанған өзінің сүйікті оқу ордасына қайтадан оралады. Аталмыш оқу ордасында аға оқытушы, доцент, профессор сияқты баспалдақтарды бағындырып, Еуразия технологиялық университетінің ғылыми және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректоры қызметіне шақырылады. Қазір де осы оқу ордасындағы «ЕТУ Білім технологиялары мектебінің» ғылыми профессоры.

– Менің жалпы еңбек өтілім жарты ғасырға жуықтаса, оның 38 жылын ғылыми-педагогикалық еңбекке арнаған екенмін. Дегенмен, менің әр жылым текке кеткен жоқ. Білім көшіне ілескен соң өзім де оның жемісті, табысты болғанын қалаймын. 1991 жылы педагогика ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің біртұтас педагогикалық процесінің пайымдауын дамытудың ерекшеліктері» тақырыбына кандидаттық диссертациямды, 2008 жылы академиялық диссертациямды сәтті қорғап шықтым. Көз майымды тауысып, өткізген уақыттарым мені бақытқа бөледі. «Қазақстандағы орта жалпы білім беру жүйесіндегі инновацияларды дамыту тенденциялары» тақырыбы бойынша педагогика ғылымының докторы, Жоғары аттестаттау комиссиясының шешімімен доцент ғылыми атағына ие болдым, – дейді Римма Масырова.

Біздің кейіпкеріміз Алматы қаласы дүнген этномәдени орталығы Аналар кеңесінің төрағасы ретінде қаламыздағы балалар мен қарттар үйлеріне жасаған қайырымдылық шаралары үшін «Алтын жүрек» қоғамдық сыйлығына ие болды. Еліміздің білімі мен ғылымна қосқан ерекше еңбегі, ұлтаралық келісім мен Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға қосқан үлесі үшін «Құрмет» және «Білім берудің құрметті қызметкері» ордендерімен марапатталды. Жүрегі қазағым деп соққан дүнген қызы отбасында ардақты ана, сүйікті әже. Көзінің ағы мен қарасындай болған ұлы Темірлан «Huawei Technologies Kazakhstan» ЖШС-де менеджер болып кәсіпкерлікті нәсіп етіп жүр.

– Еліміздегі бейбіт өмір, ашық аспан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауының арқасында екені сөзсіз. Олай болса, Қазақстан халқы Ассамблеясы атынан дүнгендердің қазақ халқымен тату-тәтті өмір сүріп, бір аспанның астында еңбек етіп жатқаны үшін мың алғыс! Адамды нәсілдік, діни немесе этникалық ерекшеліктеріне қарай емес, жеке тұлғаның өзіндік қасиетіне байланыстыратын өзара түсіністік пен сыйластық біздің ортақ Отанымыз – Қазақстанға деген ерекше құрмет пен сүйіспеншілікті тудыратыны анық, – дейді дүнген қызы.



СУХБАТ

Фуат РАХМЕТОВ, «Құрай» башқұрт этномәдени бірлестігі қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

ШЫНАЙЫ ДОСТЫҚ ШЫРАЙЫ

туыстық, мәдени және ғылыми байланысқа негізделген

Соңғы кезде Қазақстан мен Ресей арасына сызат түсіруге тырысатын түрлі мәлімдемелер айтылуда. Елімізде титулды емес этностардың дамуына шектеу бар, орыс тілінің қолданылу аясын билік қолдан тарылтып жатыр деген алыпқашпа әңгімелер туралы бәріміз оқып, естіп жүрміз. Осы орайда еліміздегі шынайы этносаралық қарым-қатынас және түрлі этностардың елімізде қалай өмір сүріп жатқандығы туралы «Құрай» башқұрт этномәдени бірлестігі қоғамдық бірлестігінің төрағасы Фуат РАХМЕТОВТІң пікірін білуге бел будық.

– Фуат мырза, Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынасқа қандай баға берер едіңіз?

– Соңғы уақытта Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынастың өткен, бүгінгі мен болашағы туралы талқы өзекті болып отыр. Бұл мәселеге қатысты көзқарасымды Қазақстан Республикасы мен Башқұртстан Республикасы арасындағы қарым-қатынас мысалында білдірсем деп едім. Осыдан бір айдай бұрын Башқұртстан өкілдері бірінші басшы Хабир Радий басшылығымен «Қазақстан–Башқұртстан» атты Астанада өткен бизнес форумға қатысты. Сонымен қатар, кездесу мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту бойынша жұмыс тобы аясында өтті.

Екі халық арасындағы экономикалық байланыс өте тереңде жатыр. Бірақ бұл байланыс тек қаржылай мүддеге тәуелді емес. Екі халық арасында мәдени байланыс дами түсуде. Қазақстандағы соңғы халық санағындағы мәлімет бойынша елімізде 17 мыңдай башқұрт диаспорасы өмір сүреді. Ал Башстат мәліметінде Башқұртстанда 4 мыңнан астам қазақ бар.

Қазақстан көпұлтты мемлекет, сол сияқты Башқұртстан да көпұлтты республика. Сондықтан екіжақты байланыс тек экономикалық ғана емес, туыстық, мәдени және ғылыми байланысқа негізделген.

Ғалымдардың пікірінше, екі халықтың тарихы, тілі мен мәдениеті ұқсас. Кезінде Геродоттың өзі башқұрттарды «тәуелсіз халық» деп сипаттаған. Башқұрт халқында 50-ге жуық рулық бірлестік бар. Олардың ең үлкендері – табын, қыпшақ, мин және елан. Бұл бірлестіктер қазақ халқында да бар. Башқұрт тілі, қазақ тілі сияқты түркі тілдерінің қыпшақ бірлестігіне кіреді.

– Екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық саладағы байланыс болашақта қалай өрбімек?

– Башқұртстанның жоғары оқу орындарында Қазақстанның студенттері оқиды. Ғалымдар ортақ іс-шараларға қатысады. Шығармашылық ұжымдар гастролі мен бірлескен спорт, мәдениет шаралары өтіп келеді. Мысалы, башқұрт жазушысы Айғыз Баймұхаметовтың кітаптары елімізге белгілі. Ресейдің еңбек сіңірген әртісі, Башқұртстанның халық әртісі Азат Айтқұловтың Қазақстанда белгілі шәкірттері көп. Екі халықтың әдеби байланысын нығайтуға қазақстандық ақын және жазушы Саят Қамшыгер үлкен үлес қосқан. Астана мен Қостанайда өтетін Башқұрт ұлттық мерекелерінің сыйлы қонағы ретінде Сибай қаласының башқұрт филармониясының әртістері келіп ұлттық өлеңі мен билерін тарту етіп келеді. Уфада алматылық жерлесіміз, башқұрт жазушысы Олар Юлдашевтың «Темірболат Имашев.

Дарындының тағдыры» атты кітабы жарық көрді.

Қазақстанда өмір сүретін халықтардың мәдени дамуына кең мүмкіндік жасалған. Біз, башқұрт халқы да өз үйімізде жүргендей сезінеміз. Мысалы, жылда Астана мен Қостанай қалаларында «Йыйын» деп аталатын ұлттық мерекелік шаралар өтеді. Мерекеді ән айтағын және билейтін сайыс, дәстүрлі және ұлттық ойындар өтеді. Қонақтар жәрмеңкеде башқұрт шөптері, бал және шырындарды сатып ала алады.

Жоғарыда атап өткен ұлттық мерекелерді өткізу және мәдени байланысты нығайтуға башқұрт этномәдени бірлестіктерінің жұмысы жағымды әсер етуде. Мұнда Валшын Салават басқаратын Қостанай қалалық «Азатлық», Орал Азнабаев басшылық ететін Астанадағы «Ақбозат» және өзін басқаратын «Құрай» этномәдени бірлестіктерін атап өткен жөн.

– Екіжақты байланыстың нығаюы үшін бұдан бөлек қандай шаралар атқарылып жатыр?

– Екіжақты қарым-қатынастың нығаюына көлік байланысы әсер ететінін атап өткен жөн. Бүгінде Уфадан Астанаға 2 сағаттай ұшады. Сонымен қатар, Уфадан Ақтау мен Алматыға ұшақ қатынастары жолға қойылған. 2023 жылы шілдеде Алматыдан қосымша рейсті ашу жолаушы тасымалының өсіміне әсер етті. Сонымен қатар, екіжақты әуе байланысын дамыту мәселесі Башқұрт Республикасының басшылығының да тікелей бақылауында екені қуантады.

Біз, Қазақстандық башқұрттар мәдени байланыстың нығаюына сенімдіміз. Және бұл істе біз халықтарымыз арасындағы көп ғасырға созылған мәдени байланысты нығайтуда барлық күш-жігерімізді саламыз.

Сұхбаттасқан
Пердехан ШӘМШИЕВ.

ІЛТИПАТ

Рафик МИРЗОЕВ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері:

ҚҰТТЫ ҚОНЫС, ЖЫЛЫ ҰЯ

болған еліме ықыласым шексіз



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Біздің Қазақстан 130-дан астам этносты бір құшағына сыйғызып, бейбіт аспанның, бір тудың астына біріктіріп, жайлы өмір сыйлап отыр. Қаншама ұлыс өкілі өмір сүріп жатса да, елімізде тыныштық, татулық, достық салтанат құрып тұрғанын мақтанышпен айта алатынымыздың өзі үлкен мәртебе.

Бүгінде қай этнос болсын, бәрі де елімізде қалаған жұмысымен айналысып, өз тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін сақтап, өркендете алады. Құшағы ыстық, пейілі кең қазақ елі ешкімді кеудесінен итермек емес. Себебі, бұл – біздің бабамыздың қанымен келе жатқан ірі қасиет. Сондықтан бізді мекен етіп жатқан басқа этнос өкілдерінің өсіп, өніп, көктеп отырған жеріне алғыс білдіруі орынды.



Иә, бүгін – Алғыс айту күні. Қазақ жеріне әрдайым ыстық ықыласын білдіруден тартынбайтын жаны ізгі жандардың қатарында алматылық отандасымыз, «Барбанг» күрдтер республикалық қауымдастығының басқарма мүшесі, «Князь Ибрагимович Мирзоев қорының» төрағасы, «Нубар» әдеби-

көркем журналының редакциялық алқа мүшесі, кәсіпкер, қоғам қайраткері Рафик Якуб оглы Мирзоев та бар. Ол бірнеше тілді меңгерген. Бастысы, қазақ тіліне жетік.

Сондай-ақ, ол көпмәдениетті, көп-этносты мемлекетіміздегі конфессияаралық және этносаралық келісімді нығайту жолында үнемі азаматтық ұстанымын білдіріп, мегаполисте өтетін мәдени-рухани кештердің, қайырымдылық іс-шаралардың белортасынан табылып жүреді.

– Мен ең алдымен Құдайыма шүкіршілік айтамын. Мен бақыттымын! Қазақстан халқының, қазақ ағайындардың ортасында өмір сүріп, осы елден өз орнымды тапқанымға ризамын. Маған ғана емес, талай этносқа құтты қоныс, жылы ұя болып отыр. Бәріміз бейбіт таңмен таласа тұрып, өз тірлігімізбен алаңсыз айналысып, кешке шаңырағымызға аман-есен оралудың өзі бір бақыт. Ал ешкіммен араздаспай, жайлы, толыққанды өмір сүру – мың бақыт. Осынау тыныш өмірдің арқасында Қазақстан өсу, өркендеу жолынан таймақ емес. Мен көктемнің алғашқы күнін өзімнен бірге ала келетін айтулы мерекеді Қазақ еліне, отандастарыма, ағайын-туыс, дос-жараныма, барша үлкен-кішіге алғыс айтамын. Жаңа Қазақстанның іргесін бірге қалаймыз дегім келеді, – дейді Р.Мирзоев.

АПТА ЖАҢАЛЫҒЫ

Бүгіннен бастап еліміз бірыңғай уақыт белдеуіне (UTC+5) көшті. Яғни 29 ақпаннан 1 наурызға қараған түні уақытты 1 сағат кейінге шегердік. Бұл өзгеріс бізге не береді? Жалпы, бұл мәселе неден туындады? Осы жөнінде аз-кем тарқатып көрейік.

САҒАТ ТІЛІН АРТҚА ЖЫЛЖЫТТЫҚ

Бүгіннен бастап Қазақстан бірыңғай уақыт белдеуіне көшті

Быттырғы желтоқсанда Үкімет еліміздің барлық аумағында бірыңғай уақыт белдеуін енгізу туралы қаулысының жобасын талқылауға шығарған болатын. Әрине, алуан пікір айтылды. Дегенмен, ортақ шешімге келу керек болды. Сауда және интеграция министрлігі тарапынан құрылған, құрамында ғылыми институттардың, медициналық жоғары оқу орындарының, мемлекеттік органдардың өкілдері мен қоғам қайраткерлері бар 60-тан астам сарапшы-маман Қазақстан аумағында бірыңғай уақыт белдеуін белгілеу мәселесін біраз зерттеп, зерделеді. Нәтижесінде UTC+5 бірыңғай уақыт белдеуіне көшу қажеттігіміз шегеленді.

Иә, бүгінге дейін Қазақстан халқы екі уақыт белдеуін (UTC+5 және UTC+6) қолданып келді. Басым бөлігі, батыс өңірлерді қоспағанда, UTC+6 уақыт белдеуімен өмір сүрді. Ғалымдардың пайымдауынша, UTC+6 табиғи күн уақытына сәйкес келмейді, сондықтан ол биологиялық ырғағымызды бұзып, денсаулығымызға кері әсерін тигізеді. Дәлірек айтсақ, үнемі шаршап жүретініміз, депрессияға түсу, түн ұйқымыздың төрт бөлінуі, ас қорыту жүйесінің бұзылуы, эндокриндік, жүрек-қан тамырлары аурулары соның салдары деседі. Күнделікті өмірден қарапайым ғана бір мысал, баланы ертемен, қараңғыда миы оянып үлгермеген қалпында тұрғызып алып, балабақшаға немесе мектепке жіберу, ал кешке ұйықтар кезде сабақ оқыту – осының бәрі денсаулыққа ізін қалдыратын көрінеді. Үлкендер арасында да ала таңнан тұрып жұмысқа кетіп, үйіне келіп, түнде жұмыс үстеліне қайта отыратындар аз емес. Сондықтан дәрігерлер мен ғалымдар бірыңғай уақыт белдеуі қазақстандықтардың денсаулығына едәуір деңгейде оң әсер етеді дейді.

Сондай-ақ, бұл өзгеріс еліміздің әртүрлі өңірлері арасындағы өзара іс-қимылды жақсарту, көлік және коммуникациялық инфрақұрылымның тиімділігін арттыру, сондай-ақ кәсіпкерлік іс-қимылды және мемлекеттік қызметтерді күшейту мақсатында да қабылданып отыр.

Сонымен, UTC+5 уақыт белдеуінде орналасқан Қазақстан өзінің табиғи белдеуін тандап отыр. Сонымен, бұрыннан UTC+5 белдеуін қолданған Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Ақтөбе және Қызылорда облыстарының тұрғындары бұрынғы сағат тілімен жүре береді. Ал UTC+6 уақыт белдеуін қолданып келген Астана, Алматы, Шымкент қалалары, Абай, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Ұлытау, Шығыс Қазақстан облыстары UTC+5 уақыт белдеуіне көшіп, жергілікті әкімдіктер уақытты бір сағат артқа жылжытты.

Айтпақшы, сөз орайы келгенде айта кетсек, әлемде бір уақыт белдеуінде тұратын 175 мемлекет бар, тек 22 ел ғана бірнеше уақыт белдеуінде тұрады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ботагөз ЖАРБОСЫНОВА, медицина ғылымының докторы, профессор: Тыныс-тіршілік ырғағы реттеледі

Иә, жаңа уақыт белдеуіне көшу бастапқыда циркадиялық ырғақта жайсыздықтар мен теңгерімсіздіктер тудыруы мүмкін. Алайда, бұл уақытша ғана. Бүкіл ел бойынша бір ізге түсетін уақыт адамдардың ұйқы режимін қалыпқа келтіріп, сергектік сыйлайды. Ал бұл әсіресе, психиатриялық тұрғыда маңызды. Уақыт шеңберінен ауытқымайтын тұрақтылық дененің циркадиялық ырғағын реттеп отырады. Бұл өз кезегінде күйзелістің алдын алуға және дененің жайлы, бірқалыпты күйіне ықпал етпек. Ол тұрғындардың балалар, жасөспірімдер және қариялар секілді сезімтал тобына тіпті оңтайлы болары сөзсіз. Сонымен қатар, бір уақыт белдеуі азаматтардың күнделікті тыныс-тіршілігін жеңілдетеді және уақыттың үнемі өзгеріп тұруына байланысты орын алатын бағдарсыздық (дезорентация) деңгейін төмендетеді. Сондықтан бірыңғай уақыт белдеуіне көшкеніміз азаматтарымыздың психикалық денсаулығын сақтау және жақсарту бағытындағы маңызды қадам болғаны анық.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

УАҚЫТ БЕЛДЕУІ ТЕҢЕСТІ

Наурыздан бастап өміріміз қалай өзгереді және бұл туралы не білуіміз керек?

Үкіметтің «Қазақстан Республикасының аумағында уақытты есептеу тәртібі туралы» Қаулысына сәйкес, бүгіннен, яғни 2024 жылғы 1 наурызда сағат 00.00-ден бастап елдің бүкіл аумағында бірыңғай сағаттық белдеу белгіленді (UTC+5). Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстарының және Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарының әкімдіктері 2024 жылғы 29 ақпаннан бастап 2024 жылғы 1 наурызға қараған түні (сағат 00.00-де) жергілікті уақытты 1 сағат кейінге шегерді.



Жаңа өзгеріске қалай бейімделген жөн?

Алғашқы күндері ағзаға көбірек ұйқы беріп, мүмкіндігінше ұйқының ұзақтығын бір сағатқа ұзартқан дұрыс, сонымен қатар дұрыс тамақтану режимін сақтау керек (майлы, ащы, ысталған тағамдарды, фаст-фудты, тәттілерді алып тастаңыз), ағзаңызды дәрумендерге бай тағамдармен байытыңыз. Таза ауада көбірек қозғалу және серуендеу, әсіресе балалар мен қарт адамдарға шамадан тыс кәсіби және тұрмыстық жүктемені азайту пайдалы. Балаларға көбірек көңіл бөлу және оның қызығарлығына төзімділік таныту. Егде жастағы адамдарға ұйықтар алдында жеңіл серуендеуге, шамадан тыс физикалық белсенділіктен аулақ болуға, қан қысымын бақылауға кеңес беріледі.

Жолаушылар кешікпеуі үшін не істеуі қажет?

ҚР Көлік министрлігі көршілес теміржол әкімшіліктерімен және «Қазақстан темір жолы ҰК» АҚ қатысушы қызметтерімен бірлесіп жолаушылар пойыздарының қозғалыс кестесіне өзгерістер енгізу бойынша жұмыстар жүргізді. Жолаушылар пойыздарының барлық өзгерістері ресми сайттар мен интернет-ресурстарда қолжетімді. Көлік саласындағы жұмыстың штаттық режимде жүзеге асырылуы мен азаматтардың ыңғайлылығы үшін тиісті шаралар қабылданды.

1 наурыздан бастап барлық жолаушылар пойызы бір уақыт белдеумен жөнелтіледі. Сағат тілін бір сағатқа артқа ауыстыру кезінде пойыздардың жүру кестесіне айтарлықтай өзгерістер енгізілмейді, сәйкесінше теміржолда бір уақыт белдеуіне көшу штаттық режимде жүзеге асырылмақ.

Жолаушылар анықтамалық ақпаратты «1433» нөмірі арқылы немесе @KTZN_PP_BOT Telegram ботының көмегімен тегін ала алады.

Авиакомпаниялар авиабилеттерді сату жүйелеріне өзгерістер енгізген, ресми сайттарда және авиакомпаниялардың әлеуметтік желілердегі парақшаларында барлық қажетті ақпараттар бар.

Жолаушыларға бұрын сатып алынған билеттердегі түзетулер туралы хабарламалар және ұшудың жаңа уақыты көрсетілген жаңартылған билетті қалай жүктеу керектігі туралы егжей-тегжейлі ақпараты бар жеке ескертулер жіберілді.

Осы ретте «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ +7 (717) 279-82-14, +7 (717) 279-82-13 нөмірлері бойынша «жедел желі» ашқанын айта кеткен орынды. Рейс туралы ақпаратты нақтылау үшін әуе компаниялардың анықтамалық қызметтеріне, әуе компаниялардың байланыс орталықтарына хабарласуға болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»,
(Дереккөз: ortcom.kz).

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

2023 жылдың сәуір айында қазақстандықтардың неғұрлым қолайлы уақыт белдеуіне көшу туралы бірнеше рет өтініштеріне байланысты арнайы Жұмыс тобы құрылды. Оған ғылыми институттардың, медициналық жоғары оқу орындарының, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың өкілдері, Парламент депутаттары және т.б. кірді. Жыл бойы медицина, физиология, география, метрология сияқты түрлі бағыттарды ұсынатын жұмыс тобының мүшелері Қазақстан аумағында қолайлы уақыт белдеуін белгілеу мәселесін зерттеді.

Қазақстанда уақытты есептеу мәселелері бойынша жұмыс тобына кірген қазақстандық ғалымдар мен сарапшылар Бірыңғай уақыт белдеуін құруды ұсынды.

• UTC+5 Бірыңғай уақыт белдеуіне көшу Қазақстанның көптеген өңірлері шынайы (табиғи) уақытқа барынша жақын уақытты пайдаланатын ең дұрыс және онтайлы нұсқа болып табылады.

Цифрлық даму министрлігі қазақстандықтарға жаңа уақыт белдеуіне уақытылы көшу бойынша әмбебап нұсқаулықтар ұсынды. Көптеген пайдаланушылар ұялы телефондар мен құрылғылардың ақпараттық жүйелерінен Қазақстанның бірыңғай уақыт белдеуіне (UTC+5) көшу туралы хабарламаларды ала бастады. Ал хабарламаларды алмаған азаматтар олардың жоқтығына алаңдамауы керек. Құрылғының бағдарламалық жасақтамасын соңғы нұсқаға дейін жаңарту

қажет. Құрылғыда автоматты жаңарту қосылы болса, уақытты автоматты анықтау параметрлерде қосылған және интернетке қосылы болған жағдайда уақыт автоматты түрде өзгереді, егер болмаса, оны қолмен өзгерту керек.

Азаматтарға жалпы ұсыныстар

1. Интернет байланысын тексеріңіз. Уақытты автоматты түрде жаңарту үшін құрылғы желіге қосылуы болуы керек.
2. Уақытты автоматты түрде жаңартуды қосыңыз. Көптеген құрылғылар онлайн уақыт қызметтерін пайдаланып күн мен уақытты автоматты түрде жаңартуға мүмкіндік береді.
3. Құрылғыны қайта іске қосыңыз. Кейде өзгертулер күшіне енуі үшін қайта іске қосу қажет.

Операциялық жүйелер бойынша нұсқаулық

- **Windows**
1. Басқару таспасы > Сағат және аймақ > Күн мен уақыт тармағын ашыңыз.
 2. «Интернет уақыты» қойындысына өтіп, «Параметрлерді өзгерту» түймесін басыңыз.
 3. Интернет уақытымен «Синхрондау» опциясы қосылғанына көз жеткізіңіз және «Қазір жаңарту» түймесін басыңыз.
 4. Автоматты жаңарту жұмыс істемесе, Күн мен уақыт қойындысына өтіп, «Күн мен уақытты өзгерту» түймесін басып, дұрыс уақытты қолмен орнатыңыз.
- **macOS**
1. Жүйе теңшелімдері > Күн мен уақыт тармағын ашыңыз.

2. Күн мен уақытты автоматты түрде орнату опциясы таңдалғанын тексеріңіз.

3. Қолмен конфигурациялау қажет болса, осы опциядан құсбелгіні алып тастап, қажетті өзгертулерді қолмен жасаңыз.

■ **Android**

1. Параметрлер > Жүйе > Күн және уақыт тармағын ашыңыз.
2. Күн мен уақытты автоматты түрде анықтау және Автоматты уақыт белдеуін қосыңыз.
3. Автоматты орнату жұмыс істемесе, осы опцияларды өшіріп, күнді, уақытты және уақыт белдеуін қолмен орнатыңыз.

■ **iOS (iPhone мен iPad)**

1. Параметрлер > Жалпы > Күн мен уақыт тармағына өтіңіз.
2. Күн мен уақыт параметрі опциясы үшін Автоматты қосыңыз.
3. Қажет болса, бұл опцияны өшіріп, дұрыс уақыт пен күнді қолмен орнатыңыз.

■ **Мәселелер туындаған жағдайда**

- Операциялық жүйе жаңартуларын тексеріңіз. Құрылғыңыздың ОЖ соңғы нұсқасына жаңартылғанын тексеріңіз.
- Басқа желі уақыты қызметіне ауысу. Кейбір операциялық жүйелер баламалы уақыт серверлерін таңдауға мүмкіндік береді.
- Уақыт белдеуі параметрлерін тексеріңіз. Орналасқан жеріңіз үшін дұрыс уақыт белдеуін таңдағаныңызға көз жеткізіңіз.
- Желі параметрлерін қалпына келтіріңіз. Кейбір құрылғыларда желі параметрлерін қалпына келтіру уақытты автоматты түрде синхрондауға қатысты мәселелерді шешуге көмектесуі мүмкін.
- Қолдау қызметіне хабарласыңыз. Мәселе шешілмесе, кәсіби көмек қажет болуы мүмкін.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Болат ЖОЛТАЙҰЛЫ,
Уақыт өлшемі тәртібін реттеу бойынша
ведомствоаралық топ мүшесі:

ХРОНОБИОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ



мұны қолдағандар көп болды. Осы бірыңғай сағаттық белдеуге қатысты аймақтарда қоғам белсенділерімен, сондай-ақ депутаттармен, Ұлттық құрылтай мүшелерімен, мемлекеттік қызметкерлермен, қалың көпшілікпен бірталай кездесу өткізіп, талқылады, талдадық. Сағаттық белдеу – дүние-

Сонымен, біруақыттық сағаттық белдеуге көштік. Бұл хронобио-логиялық маңызды мәселе қалың бұқарамен талқыланып, сала мамандарымен талданып, ғылыми негізге сүйене келе қолданысқа еніп отыр. Атыраудан – Алтайға, Арқадан – Алатауға созылған ұлан-байтақ Қазақстан уақытпен үндесіп, бір мезгілдік тыныс-тіршілігін бастады. Мұның өзі, ең алдымен, отандастарымыздың сапалы өмірі санатқа алынып, адамдардың биоритмі ескеріле сарапталып, биохронологиялық қорытындымен шығарылған шапағатты шара.

Елімізде бірыңғай сағаттық белдеудің қажеттігі талқыланып тұста

жүзілік көлемде қабылданған ауқымды дүние, 1881 жылы Вашингтонда Меридиан конференциясы қабылдаған шара. Біз сонымен өмір сүріп жатырмыз. Кезінде ауытқып та кеттік, енді соны дұрыстадық.

Жер шары тұтастай 15° 24 сағаттық белдеуге бөлініп, оның нөлдік меридианы Лондондағы Гринвич обсерваториясымен өтеді. Міне, Халықаралық сағаттық белдеулер жүйесі (GMT, UTC) осыған сәйкес қабылданды. 82,5 меридианнан 67,5 меридианға дейінгі аралықта еліміздің барлық өңірі түгел

өзінің сағаттық белдеуіне оралды. Бұған дейін баяғы сталиндік декреттік уақытпен өмір сүріп келдік. Сол декреттік уақыттан 2014 жылы Ресейдің өзі бас тартты.

Шыны керек, еліміздің бірыңғай сағаттық белдеуге көшуінің мәнісі отандастарымыздың табиғи ырғақпен сәйкестікті сақтауынан туындағаны анық. Географиялық Қазақстан халықаралық уақыт өлшемі жүйесі (GMT, UTC) бойынша 4-сағаттық белдеу, UTC+3/+4/+5/+6 аумағында орналасқан деп саналады. UTC+3 сағаттық белдеуінің шығыс жағында Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облысы орналасса, UTC+4 сағаттық белдеуінде Ақтөбе, Қостанай, Қызылорда облысы, UTC+5 сағаттық белдеуінде Қарағанды, Ұлытау, СКО, Ақмола, Түркістан, Жамбыл, Алматы, Павлодар, Абай, Жетісу облыстары орналасқан.

2020 жылғы 10 қазанда АҚШ, Германия, Франция, Ресей, Испания, Португалия, Нидерланды, Бельгия, Канада, Австралия, Швеция және Қазақстан өкілдері біріккен Халықаралық Табиғи уақыт қолдаушылар Альянсы (International Alliance for Natural Time) құрылды. 2022 жылы 24 қарашада Испанияда уақыт өлшеміне байланысты ғылыми конференция өтіп, онда «Барселона декларациясы» қабылданды. Декларацияны әзірлеуге әлемнің ең дамыған мемлекеттерінің хронология, кардиология, онкология, эндокринология, сомнология, педиатрия, геронтология, ұйқы медицинасы, биологиялық ритмді зерттеуші жетекші ғалымдар, медициналық ассоциациялар қатысты. Олар маусымдық болсын, үнемі болсын, кез келген «жазғы» уақыт өлшемін қолдану зиянды, үнемі «жазғы» уақыт тіптен зиянды, тек жергілікті уақыт өлшеміне мейлінше жақын стандарттық уақытпен өмір сүру ғана физикалық, психикалық денсаулық қорғалуына, қауіпсіздік, экономика, білім, сауаттылық тұрғысынан ең тиімді болып танылатынына маңыз берді. «Барселона декларациясына» сәйкес әлем елдері үкіметтеріне Үндеу жарияланды.



РОБОТОТЕХНИКА

Хьюстон мен Лондонға жолдама

алматылық оқушыларға бұйырды

23–25 ақпан күндері Алматы қаласының мектеп оқушылары робототехника бойынша ең ірі жарыс саналатын «Central Asia FIRST Tech Championship» чемпионатына қатысқан еді. Астана қаласындағы «әл-Фараби» атындағы Оқушылар сарайында өткен додаға Қазақстанның әр өңірінен үш мыңнан астам оқушы, әлемнің түрлі елдерінен 200-ден астам команда қатысты. Алматы қаласының намысын қорғаған оқушылар бірнеше жүлдені жеңіп алды.

Жарыс қорытындысы бойынша №124 мектептің «Team 124» командасы «Winning Alliance 2nd pick» және «THINK AWARD 2st place» номинациясын және Лондонда өтетін халықаралық «UK first championship 2024» жарысына қатысуға жолдама, ал №206 мектеп-гимназиясының оқушысы Оңғарбек Томирис АҚШ-тың Хьюстон қаласында өтетін «2024 FIRST Championship, Houston» жарысына қатысуға сертификат жеңіп алды.

Бұған қоса, Алматы мектептерінің түлектері еліміздің ең беделді жоғары оқу орындарының грант иегерлері атанды. Сондай-ақ, үздік оқушыларымыз Еуропалық оқу орындарына түсуге 100% жеңілдікпен қолдау көрсету грантына да ие болды.



ШЕБЕРЛІК СЫНЫБЫ

ТАЛАП ТА, ЖАУАПКЕРШІЛІК ТЕ ЖОҒАРЫ

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытуға арналған әдіс-тәсілдер сараланды



Қалалық Білім басқармасының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімі» қаламыздағы балабақша тәрбиешілерінің қатысуымен озық іс-тәжірибелерді насихаттау мақсатында «Үздіктер шеруі» атты шеберлік сыныбын өткізген еді. Аталмыш іс-шара Алмалы ауданындағы №18 бөбекжай-балабақшада өтіп, онда өз саласының майталман мамандары озық тәжірибелерін ортаға салды. Атына заты сай жиынның әсіресе, жас мамандарға берері өте мол болды.

— Қазіргі кезде біздің сала қызметкерлеріне қойылып отырған талап та, жауапкершілік те өте жоғары болып отыр. Сондықтан нақты іске көшу үшін озық әріптестеріміздің тәжірибесін бөлісіп, өзара ынтымақтастыққа көшетін кез келді, — деп атап өтті қалалық Білім басқармасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімінің әдіскері Жазира Сатыбалдиева.

Жиналған тәрбиешілер қаламыздағы «№24 сөйлеу тілінде күрделі кемістігі бар балаларға

арналған арнайы балабақшаның педагог-логопеді А.Жаңабайдың мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытуға арналған әдіс-тәсілдері туралы өзі қолданып жүрген әдістемесіне қызығушылық танытты. Сонымен қатар, «№103 Санаториялық бөбекжай-балабақшаның» тәрбиешісі Ж.Шолпанқұлова баланы жан-жақты дамыту үшін «Эбру» техникасының маңызды рөлі туралы баяндап, «№143 Сөйлеу және тірек-қозғалыс аппаратының функциялары бұзылған балаларға арналған арнайы мекеме» тәрбиешісі И.Қашағанова мұндай балаларға сурет салудың көп көмегінің бар екенін айтып, өзінің тәжірибесімен бөлісті.

Қазіргі кезде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды дамыту басты назарда тұр. Сондықтан жиналған тәрбиешілер осы мақсаттағы тәжірибелерін ортаға салып, өз ой-пікірлерін ортаға салды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Елмира СЕЙІТЖАНҚЫЗЫ,
«Ертөстік» балабақшасының
менгерушісі:

Өткізіліп отырған жиынның жас мамандарға ғана емес, ұзақ жылдан бері қызмет етіп келе жатқан тәрбиешілеріміз үшін де маңызы зор болды. Өйткені, білім саласы жыл сайын емес, ай сайын өзгеріп, жасаңдап отыратын сала. Өз еліміздің озық іс-тәжірибесімен қатар, әлемдік озық үлгілер де қолданысқа еніп жатады. Осы жиын барысында мүмкіндігі шектеулі балаларды дамытуға арналған «Қозғалыс негізінде оқыту: интеллект-дене жүйесін қолдану жүйесінен» әріптестеріміз көп мәлімет алды деп ойлаймын.

Таланттары оянып, таныла бастады. Мен үшін сыныптағы әрбір оқушы «сегіз қырлы, бір сырлы». Дегенмен, ең зерекі — Райымбек Нұрдаулет. Ол — сондай өткір, поэзияға құмар, өте зерек оқушы. Алғашында «тентектердің» тізімін бастап жүрген бала еді. Уақыт өте мектепшілік, аудандық, қалалық, республикалық мәнерлер оқу сайыстарының жүлдегері атанды. Жамбыл кітапханасында өткен қалалық сайыста екінші орын, «Абай оқуларында» үшінші орынға ие болды. «Өнерлі өрге жүзер» деген емес пе, Райымбек мектептегі «Ақсарай» театрының да белді мүшесі, — дейді Жанар Сапарғалиева.

Спортты серік еткен Райымбек МАА спортынан қалалық жарыстың екінші орын жүлдегері атанса, «Қазақстанның жас патриоттары» ұйымының президенті.

Жас дарын «Тай жарыс» өнер додасында екі рет бас жүлдені, «1q star» өнер бәйнесінде бас жүлде, «Балдәурен» байқауында бірінші орынды иемденді.

ТРЕНИНГ

Робототехникаға қызығушылық бар

Елімізде STEM-пәндердің оқытушыларына арналған 3D-модельдеу және робот техникасы деп аталатын тегін тренингтер жүріп жатыр. Аталмыш тренингті АҚШ елшілігінің Қазақстандағы бөлімдері ұйымдастырып отыр.

Дәл қазір мұндай сабақтар Алматы қаласынан өзге Астана, Павлодар, Өскемен, Қарағанды, Ақтөбе, Орал, Шымкент, Петропавл және Қостанай қалаларында да өтіп жатыр. Қазақстандық 200 оқытушы 3D-модельдеу және робот техникасы негіздерін, сызбаны қалай қосуды үйренеді.

Сондай-ақ, Autodesk 123D Design бағдарламасында, Arduino бақылаушыларының базасында жобалар құрып, жүзеге асыра бастайды. Ұйымдастырылып отырған тренинг барысында оқытушылар оқушыларға қысқа мерзім ішінде білім беруді үйретіп қана қоймай, оларға сабақ барысында инновациялық жобалар мен технологияларды енгізуге қолданатын жаңа құралдарды ұсына-тын болады.

Сондай-ақ, оқытушылар тренинг нәтижесін 15-16 наурызда өз оқушыларымен бірге American Corners-те өтетін ақтық турнирде көрсететін болады. Аталмыш жоба АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігі мен республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен жүзеге асып отыр.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.

ӨНЕР – ЖАСТАН

Бұлақ көрсең, көзін аш!

Қаламыздағы №133 мектеп-гимназиясының мұғалімі Жанар Сапарғалиева жас ұрпаққа білім берумен қатар, олардың бойындағы сан қырын ашып, қолдау көрсетумен келеді. Шәкірттерінің әрбір жеңісіне қуанып отыратын ұстаз үшін өзі 5-сыныптан бері жетекшілік етіп келе жатқан 11 «г» сыныбының орны ерекше.

— Сыныптағы «ақылды тентектердің» арынын әдебиетке бұрып, өнер арқылы тәрбиелеуге тырыстым. Шәкірттерімнің бойындағы жылт еткен дарынды қолдап, сағын сындырмай сенім білдіргенімде,





ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

«ЖІГІТКЕ ЖЕТІ ӨНЕР ДЕ АЗ»

Нағыз ердің бойында қандай қасиет болуы керек?

Алып шаһарымыз Алматыдан көп байқайтын оқиғалардың бірі – жол үшін төбелес. Кез келген жағдайда түсініспеушілік туындаса, жүдырық ала жүгіретін еркексымақтар көбейген. Сабырлық танытудың орнына жол ортасында кім күштіні анықтауға әуестеніп кеткені жасырын емес. Сонымен қатар, қоғамда әйелдер мен балаларға зорлық-зомбылық көрсететін еркектердің саны азаймай тұр.

Ернұр
ЕРІАНҰЛЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселеге аса назар аударып отыр. «Әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау шараларын заңмен күшейту керек. Отбасы құндылықтарын дәріптеу ісіне ерекше көңіл бөлген жөн. Тағы да ескертемін, біз қоғамдағы, көшедегі, тіпті әр үйдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етпесек, дамыған елдердің қатарына қосылуымыз қиын болады. Азаматтарымыз еркін жүріп-тұратын қауіпсіз қоғам құруымыз қажет», – деді Мемлекет басшысы.

Бірінші кезекте ерлеріміздің санасын өзгертуді мақсат еткеніміз дұрыс болар. Отанды жаудан қорғайтын азамат қандай болуы керек? Осы орайда ер-азаматтың бойында табылуы керек жеті қасиетке тоқтала кеткенді жөн көрдік.

«Ерді намыс өлтіреді...»

Намысты жігіт басынан сөз асырмайтын емес, намысшыл жігіт елі мен жерінің қамын жейді. Өзінің әлсіз тұстарын білсе, соны жақсарту үшін жұмыс жасайды. Осал адам ғана өзгенің сынын көтере алмай беріле салады. Сын қабылдай білу де нағыз мықтының ісі. Намыс ол сенің өмірлік ұстанымың болуы қажет. Ұстанымың жан-жағыңа пайданды тигізу болса, біреуге көмектесуге асық бол. Көмек керек екенін байқасаң, қол қусы-



Қолжазды жасаған Нұрбосын ӨРІСКҰЛЫ.

рып қарап тұрма. Бұның бәрі сенің намысыңа сын.

«Болар елдің баласы он бесінде басын дер...»

Жауапкершілік кез келген ердің бойынан табыла бермейтін қасиет. Қазіргі уақытта өзінің іс-әрекетіне, сөзіне жауап бере алмайтын жігіттер көп. Бірі орта жасқа келсе де ата-анасының мойнында отырады, бірі тапқан табысын отбасына емес, далаға шашуда. Бұл нағыз елдің ісі екені анық. Жауапкершілік әрқашан да қадірлі болған қасиет. Ер-азамат жақындары үшін жауапты. Оларды қорғауға, сыйлауға және бағалауға міндетті. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» деп қазақ бекер айтпаса керек. Сондықтан жауапкершілікті мойнымен көтеру жігіттің асыл қасиеті.

Нәзік жандыларға қорған

Ер жігіт өзінің айналасындағы жандарға қамқор болуы керек. Әйел затын қорлап емес, қорғап жүру міндеті. Қаламызда балалар мен әйелдерге зорлық-зомбылық көрсететін еркектер көбейген. Бұл әрекетті жасаушылар «еркек» деген атқа мүлдем лайық емес. Ер жігіттің ең төмен дәрежесіндегілер ғана қыз

баласына қол көтеретіні анық. Нәзік жандылар қоғамның ұйытқысы. Бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді. Ұлттың санын арттырушы әйелдерге сыйластық таныту қажет.

Жомарт бергенін айтпас

Ер жігіттің бойындағы ерекше қасиет – жомарттық. Қолының ашық болуы, өзгеге сол арқылы көмек көрсетуі нағыз ердің ісі. Ата-бабамыз жомарттықтың көкесін танытқан. Көрші-қолан, ағайын-туыстың қиын жағдайда екенін білсе, қолұшын созуға асығатын. Жарыса жүріп жомарттық танытып, ел арасында абыройлы болған. Жігіттің бойындағы ең жаман қасиет – сараңдық. Дүниесі бола тұра қайырымдылық жасамаған жанның қадір-қасиеті болмайтыны анық. Сондықтан жігіттің бойында жомарттықтың болуы маңызды.

Алғыр жігіт ақылына қарай іс қылар

Ақылды адам қай жерде де сыйлы болады. «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады». Тілден шыққан әрбір сөзге мән беріп, асқан байыппен сөйлеудің өзі өнер.

Қазіргі жігіттердің аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып жатқанын байқап қаламыз. Бұл әсте ақылдың аздығынан, тәртіптің жоқтығынан болып жатқан құбылыс. Нағыз ер-азамат еліне күшімен ғана емес, білімі арқылы пайдалы болары хақ. Ақылдың арқылы адамдардан артық бола аласың. Адамның басқа тіршілік иелерінен айырмашылығы сананың болуында. Сондықтан білімді арттыру ешуақытта да кеш емес.

Кедей болатын жігіт еріншек келер

Еріншектік пен ұйқы ер-азаматтың қас жауы. Қазақта «ерте тұрған еркектің ырысы артық» деген сөз бекер емес. Еңбекқор жігіт өз ортасына сыйлы болары анық. Өзінің еңбегі арқылы талай белестерді бағындырары хақ нәрсе. Ал бетіне күн түскенше ұйықтап, түсте оянатын еркектер өзіне қиянат етушілер. Ерінбей еңбек етсең, жемісті болашақ күтіп тұрғаны анық. Бұл жаман қасиетті түп тамырымен жоймасаң, өмір сүру салтына айналуы әбден мүмкін. Еңбекқорлық қасиетін бойыңнан жоғалтқың келмесе, жалқаулықтың қақпанынан сақ болу қажет.

Досқа адал, дұшпанға қатал

Қазіргі қоғамда дос бола білетін адамдар аз. Бір досың өз пайдасын ойлап тұрса, екіншісі саған жақсы болғанын қалайды. Осы екеуінің қайсысын таңдар едің. Әрине, сені ойлайтын досты таңдайсың, сен де сол адамға лайықты дос бола біл. Кешегі батырларымыз өз досы үшін жан беруге дайын болған. Досын сатқаннан бұрын, өлгенін артық көрген. Бұл жерде досың үшін жан беру міндет емес, бастысы қиын сәтте қасынан табыла білгенің жөн.

ТҮЙІН:

Ата-бабамыздан қалған асыл сөздерден-ақ нағыз ер жігіттің бойындағы қасиеттерді байқай аламыз. Біз оқыған жырлар мен дастандарда батырлардың тұр-сипаты, мінез-құлқы қандай еді? Төпсе темір үзетін, кең иықты, өткір көзді, салмақты, түрі сұсты батырларға үйренгенбіз. Бір өзі арыстанды жер жастандыратын күш иелері еді. Жүрек жұтқан, қасқыр мінезді халықтың ұрпағы бүгінгі жастар. Қоғамда «қазіргі заманның жігіттері ұсақталып кеткен» деген пікір қалыптасқан. Бұл сөздерді еңкейген қарт та, нәзік жандылар да айтып жүр. Сондықтан әйелдер мен балаларды қорлайтын еркектің емес, қорғайтын еркектің қатарында болайық.

ҰЛТТЫҚ БРЕНД

СӘН МЕН СЫМБАТ ӘЛЕМІ

Сабыркүл Асанова атындағы шығармашылық студия-мұражай ашылды

«Сымбат» сән академиясының негізін қалаушы, профессор, ҚР педагогика ғылымы академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сабыркүл Жайлаубекқызы 80 жасқа толды. Өмірін қазақтың ұлттық өнеріне арнаған сәнгер – Қазақстанның сән индустриясының куәгері.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Мерейтойға орай, 28 ақпан – 1 наурыз аралығында Сабыркүл Асанованың ғылыми-зерттеу, шығармашылық және өндірістік қызмет жолына арналған бірқатар іс-шара өткізу жоспарланған. Солардың бірі – «Сымбат» академиясындағы Сабыркүл Асанова атындағы шығармашылық студияның ашылуы. Академияда білім алып жүрген студенттер шығармашылықпен айналысатын студия мұражай ретінде ашылды. Студияға сәнгердің қолынан шыққан ұлттық киімдер мен басқа да шеберлердің туындылары қойылған. Сол жердегі интерактивті такта арқылы Сабыркүл Асанованың дизайнерлік жұмыстарымен таныса алады.

Іс-шараға өнер қайраткерлері, еліміздің ЖОО-ның басшылары, сәнгердің Қырғызстан, Түркия мен Монғолиядан келген әріптес-за-

мандастары қатысып, шығармашылық қызметі туралы естеліктермен бөлісті.

«ТҮРКСОЙ» Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымының бас хатшысының орынбасары Юсуф Сайит арнайы келіп, түркі мәдениетіне сіңірген еңбегі үшін мерейтой иесіне «Түрксой» төсбелгісін табыстады.

«Музейге Сабыркүл Жайлаубекқызының 55 жыл еңбек жолында жасаған жұмыстары мен «Сымбат» академиясының халықаралық деңгейде көрсеткен қолөнерлері қойылды. «Замандастар очерктері» атты кітабының тұсауы кесілді. Қолөнерге, оның ішінде құрақ өнеріне арнаған жобалары қойылды», – дейді «Сымбат» дизайн және технология институтының проректоры Ботагөз Тұрғанбекқызы.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСЫБЕК.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жанна МҮСТАФИНА,
техника ғылымының кандидаты:

«Жең қондыра аласың ба?»

Сабыркүл Асанованың мені жұмысқа қабылдарда қойған бірінші сұрағы осы болды. Маған бұл сұрақты қойғанда, қатты таңқалып, риза болғаным есімнен кетпейді. Өйткені, нағыз кәсіби сұрақ болды. Үлкен академияның басшысынан мұндай сұрақ күтпедім. Ол кезде ұсақ сұрақ болып көрінді. Бірақ, кез келген тігін бұйымының сәтті шығуы жеңің қондыруына байланысты болады. Сондық-

тан тігін саласының мамандары бұған үлкен мән береді.

Ұжымдағы қызметкерлердің бәрімен өзі сөйлесіп, жұмысқа қабылдайды. Негізгі қағидасы – нәтиже. Әріптестері мен шәкірттерінен ең бірінші нәтиже күтеді. Өзіне үлкен талап қояды, өзгеге де талапшыл адам. Сабыркүл Асанованың жетекшілігімен магистратура бітіріп, кандидаттық диссертация қорғады. Бірнеше жыл бұрын ол кісінің бастамасымен академияда диссертациялық кеңес ашылған болатын. Өзі тігін технологиясы бойынша алғашқы диссертация қорғап, докторлық атағын алды. Бірнеше кандидат пен докторлар тәрбиелеп шығарды.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 29 ақпандағы №1/1-85 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 3 мамырдағы №34.1-34/124-И хаты және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 маусымдағы №7 қорытындысының негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Рысқұлов көшесін узарту үшін Алматы қаласының Алатау ауданындағы Онғарсынова көшесінен Алматы қаласының шекарасына дейін дейін орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-көнесе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 29 ақпандағы
№1/1-85 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Дринных Евдокия Ивановна	20-321-068-1220	«Алғабас» шағынауданы, Қозайым көшесі, 74	0,0949
2	Исханов Қайрат Аширович	20-321-068-804	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 5	0,1163
3	Сламова Эльмира Дилмуратовна	20-321-068-1523	«Алғабас» шағынауданы, Орақты Батыр көшесі, 117, 1-пәтер	жалпы-0,1410 үлесі-0,0810
4	Мағзымбеков Ермек Досымханович	20-321-068-972	«Алғабас» шағынауданы, Сәмен батыр көшесі, 8	0,0800
5	Қанатбаев Ерлан Аманкулович, Булекбаева Бағит Ерекешовна	20-321-069-006	«Теректі» шағынауданы, Ақтілек көшесі, 1/5 учаске	0,5524
6	Тилешова Рашида Турсунбаевна	20-321-069-026	«Теректі» шағынауданы, Ақжарқын көшесі, 1	0,0360
7	Абдукаримова Маржан Сағидолдақызы, Абдукаримов Мухамедқали Сагинбаевич	20-321-069-029	«Теректі» шағынауданы, Мектеп көшесі, 51А	0,0700
8	Семак Елена Викторовна, Семак Сергей Николаевич	20-321-069-041	«Теректі» шағынауданы, Бегайым көшесі, 22	0,0380
9	Кулышов Мажит Отепбергенович	20-321-069-050	«Теректі» шағынауданы, Бегайым көшесі, 34	0,0800
10	Оспанов Шыңғыс Токтасынович	20-321-069-084	«Теректі» шағынауданы, Ақжарқын көшесі, 6	0,0200
11	Тумурзаева Ажаркуль	20-321-069-085	«Теректі» шағынауданы, Ақжарқын көшесі, 4	0,0630
12	Көшекбаева Гүлмайра Айтжанқызы, Даулетпаков Ертай Айттекович	20-321-069-1057	«Теректі» шағынауданы, Жағалтай көшесі, 16/1	0,0400
13	Джуманазарова Зире Абубакировна	20-321-069-110	«Теректі» шағынауданы, Сайыпқыран көшесі, 1	0,1200
14	«ИЫЛДЫЗ» Фирмасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-069-1133	«Теректі» шағынауданы, Айналмалы көшесі, 69/7 учаске	0,1876
15	Абдикалық Шырын Абубақырқызы	20-321-069-123	«Теректі» шағынауданы, Керуен көшесі, 51	0,0600
16	Рымов Асқат Алпысбаевич	20-321-069-124	«Теректі» шағынауданы, Ақтілек көшесі, 7	0,0680
17	Примжанов Талғат Аканович, Жансенова Гүлмира Шаймерденовна	20-321-069-142	«Теректі» шағынауданы, Бегайым көшесі, 4	0,0600
18	Жайлыбекова Зауреш Тугелбаевна	20-321-069-155	«Теректі» шағынауданы, Жағалтай көшесі, 4 А	0,0400
19	Байназарова Капиза	20-321-069-198	«Теректі» шағынауданы, Жағалтай көшесі, 10	0,0800
20	Самодум Владлена, Койлюбаев Ермек Жумадилович	20-321-069-1987	«Теректі» шағынауданы, Сайыпқыран көшесі, 4	0,0800
21	Абдикеров Қайрат Молибаевич	20-321-069-1990	«Алғабас» шағынауданы, Сәмен батыр көшесі, 5	0,1000
22	Валиева Толькин Кенесовна	20-321-069-2006	«Теректі» шағынауданы, Жағалтай көшесі, 16 учаске	0,0739
23	Қадилов Хамражан Кахирманович	20-321-069-2020	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 10	0,0800

24	Закирова Мервангуль Зануновна	20-321-069-2023	«Алғабас» шағынауданы, Саттар Естемесов көшесі, 10А	0,0500
25	Ақшабаев Болатхан Жанбырбаевич	20-321-069-2028	«Теректі» шағынауданы, Таусоғар көшесі, 53	0,0595
26	Бокбасаров Қудайберген Махаметқалиевич	20-321-069-205	«Алғабас» шағынауданы, Саттар Естемесов көшесі, 1	0,0800
27	Ахатбакиев Рустам Имарджанович	20-321-069-221	«Алғабас» шағынауданы, Саттар Естемесов көшесі, 6	0,0800
28	Адхамов Абдуманап Абдримович	20-321-069-255	«Алғабас» шағынауданы, Зұлпықар көшесі, 1/2 учаске	0,0700
29	Хамитова Жанылсын Маньяфовна	20-321-069-256	«Теректі» шағынауданы, Сайыпқыран көшесі, 8	0,0480
30	Турганова Ризвангуль Розахуновна	20-321-069-266	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 20А	0,0800
31	«УЮТ» пәтерлер иелерінің тұтыну кооперативі	20-321-069-286	«Теректі» шағынауданы, Бегайым көшесі, 14 ғимарат	0,1024
32	Юлдашев Алишер Жуматович	20-321-069-290	«Теректі» шағынауданы, Таусоғар көшесі, 56/1	0,0565
33	Бекешбаева Майра Ермахамбетовна	20-321-069-354	«Теректі» шағынауданы, Сайыпқыран көшесі, 48	0,1000
34	Ақишев Руслан Садықжанович	20-321-069-392	«Теректі» шағынауданы, Жағалтай көшесі, 8/1	0,0800
35	Нысанов Берик Оянович	20-321-069-403	«Теректі» шағынауданы, Ақжарқын көшесі, 13	0,0500
36	Сакенова Роза Жумахановна	20-321-069-420	«Теректі» шағынауданы, Ақтілек көшесі, 13	0,1000
37	Жанайбекова Арзыгуль Нусиповна	20-321-069-438	«Теректі» шағынауданы, Керуен көшесі, 49А	0,0527
38	Алимбетов Қуанышбек Кишқинбаевич	20-321-069-462	«Теректі» шағынауданы, Сайыпқыран көшесі, 5	0,0685
39	Мукашева Бақытжамал Саматовна, Мукашев Адиль Даулетбекович	20-321-069-471	«Теректі» шағынауданы, Мектеп көшесі, 45	0,0800
40	Қалдыбаев Илияс Абдиназарович	20-321-069-534	«Теректі» шағынауданы, Ақжарқын көшесі, 8	0,0825
41	Абдраев Амандық, Елеусизова Алтынсары	20-321-069-535	«Теректі» шағынауданы, Таусоғар көшесі, 53А	0,0500
42	Юсупов Алишер Пархатович	20-321-069-553	«Теректі» шағынауданы, Жағалтай көшесі, 4	0,0400
43	Тян Эдвард Ундинович	20-321-069-555	«Алғабас» шағынауданы, Зұлпықар көшесі, 2	0,1000
44	Запбаров Асимжан Шериязданович	20-321-069-558	«Алғабас» шағынауданы, Саттар Естемесов көшесі, 4	0,0800
45	Бекмурзаева Айсулу Амиргалиевна	20-321-069-564	«Теректі» шағынауданы, Бегайым көшесі, 31	0,0520
46	Давлетярова Жанслу Нурсултановна	20-321-069-579	«Теректі» шағынауданы, Таусоғар көшесі, 55	0,0600
47	Касенов Болат Мырзанович, Касенова Ляззат Болатовна, Касенова Ақмарал Болатовна, Болат Қарлығаш, Болатқызы Мөлдір, Болатқызы Ардак	20-321-069-582	«Теректі» шағынауданы, Керуен көшесі, 32А	0,0402
48	Юсупов Садувакас	20-321-069-589	«Теректі» шағынауданы, Бегайым көшесі, 3	0,1193
49	Шаугимбаева Ханифа Тулегеновна	20-321-069-592	«Теректі» шағынауданы, Ақжарқын көшесі, 2	0,0400
50	Розамова Разия Аблизовна	20-321-069-615	«Алғабас» шағынауданы, Саттар Естемесов көшесі, 8	0,0800
51	Омарқан Әділ	20-321-069-686	«Теректі» шағынауданы, Ақтілек көшесі, 21	0,0400
52	Ақжасаров Қумарғазы Муслимович	20-321-069-705	«Теректі» шағынауданы, Ақжарқын көшесі, 12	0,1150
53	Байболаева Айнура Қудайбергенқызы	20-321-069-714	«Теректі» шағынауданы, Мектеп көшесі, 42	0,0800
54	Судейменова Данара Жансеновна	20-321-069-719	«Теректі» шағынауданы, Ақтілек көшесі, 19	0,0977
55	Турматова Наиль Мухтаровна	20-321-069-760	«Теректі» шағынауданы, Мектеп көшесі, 22А	0,0636
56	Биргебаева Тоты Есеновна, Биргебаев Жандос Жанысович	20-321-069-774	«Теректі» шағынауданы, Ақжарқын көшесі, 15А	0,0400
57	Жумагулова Сагила Абдуллаевна	20-321-069-776	«Теректі» шағынауданы, Ақтілек көшесі, 11	0,0924
58	Қамалов Турсунжан Хасенович, Қамалова Нурбуби Консбаевна	20-321-069-842	«Теректі» шағынауданы, Ақжарқын көшесі, 10	0,0600
59	Устенова Майгүл Нусипджановна	20-321-069-856	«Теректі» шағынауданы, Таусоғар көшесі, 54	0,0503
60	Жамалбек Мағжан Бауыржанұлы	20-321-069-874	«Теректі» шағынауданы, Ақтілек көшесі, 23	0,0800
61	Максимова Анастасия Юрьевна	20-321-069-878	«Теректі» шағынауданы, Керуен көшесі, 49	0,0612

62	Кариджанов Бияхмет Мукашевич	20-321-069-901	«Теректі» шағынауданы, Бегайым көшесі, 8	0,0500
63	Ногина Вера Всеволодовна, Ногин Иван Сергеевич	20-321-069-923	«Теректі» шағынауданы, Бегайым көшесі, 18	0,0800
64	Заурбеков Турлыбек Кузембекович, Заурбекова Алматай Сакеновна	20-321-069-959	«Теректі» шағынауданы, Ақжарқын көшесі, 14	0,0400
65	Тумурзаева Ажаркуль	20-321-069-963	«Теректі» шағынауданы, Ақтілек көшесі, 17	0,0800
66	Фонакова Любовь Гавриловна	20-321-069-971	«Теректі» шағынауданы, Ақтілек көшесі, 5	0,0680
67	Бектурганов Амандық Сейлханович	20-321-069-979	«Теректі» шағынауданы, Керуен көшесі, 47	0,0817
68	Буранғалиева Асель	20-321-069-991	«Теректі» шағынауданы, Бегайым көшесі, 20	0,0500
69	Буранғалиева Асель	20-321-069-992	«Теректі» шағынауданы, Бегайым көшесі, 16	0,0400
70	Қажыбекова Мөлдір Серікқалиқызы	20-321-069-998	«Теректі» шағынауданы, Жағалтай көшесі, 2	0,0500

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 29 ақпандағы №1/1-86 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 5 желтоқсандағы №43.1-43/1545-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Елдімекендердің ортақ пайдалануындағы объектілердің құрылысы (саябақ) үшін, Алматы қаласының Медеу ауданындағы орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-көнесе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 29 ақпандағы
№1/1-86 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Ахтаев Урусхан Татибекович	20-315-029-688	Жиенқұлова көшесі, 33-үй	жалпы-0,0176 үлесі-0,0088
2	Ақтаев Азамат Симханович, Ақтаева Айнура Симхановна	20-315-029-688	Жиенқұлова көшесі, 33-үй	жалпы-0,0176 үлесі-0,0088
3	«Аманат Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-029-257	Вихрев көшесі, 27-үй	0,0988
4	«KAZKOM Realty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-029-024	9-шы Кирпичнозаводская көшесі, 5-үй	жалпы-0,0592 үлесі-0,0385
5	Зузанов Владимир Геннадьевич	20-315-029-024	9-шы Кирпичнозаводская көшесі, 5-үй	жалпы-0,0592 үлесі-0,0207
6	Чернобук Светлана Ивановна	20-315-029-765	Жиенқұлова көшесі, 66-үй	0,0310
7	Сериков Анатолий Николаевич, Колбаскина Валентина Николаевна	20-315-029-077	Вихрев көшесі, 25-үй	0,0490
8	Калуга Светлана Михайловна	20-315-029-603	10-шы Кирпичнозаводская, 27-үй	0,0302
9	Калинкина Татьяна Васильевна	20-315-029-700	Панфилов көшесі, 244-үй	0,0090
10	Калиаскар Армас Мухадиевич	20-315-029-130	Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 269/1 үй	0,0545
11	Таскалиев Турак Амирович	20-315-029-598	Панфилов көшесі, 242-үй	0,0253
12	Коханов Владимир Валериевич	20-315-029-652	11-ші Кирпичнозаводская көшесі, 14 А үй	жалпы-0,0359 үлесі-0,0135
13	«Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасы» коммуналдық мекемесі	20-315-029-652	11-ші Кирпичнозаводская көшесі, 14 А үй	жалпы-0,0359 үлесі-0,0219
14	Аңдиоров Саламат Болатович	20-315-029-007	10-шы Кирпичнозаводская, 38-үй	0,0176
15	Халыков Жандос Серикович, Халыкова Индира Маратовна	20-315-029-588	Жиенқұлова көшесі, 70-үй	0,0352
16	Бахытжанова Жибек Бахытжановна	20-315-029-029	9-шы Кирпичнозаводская көшесі, 1	0,0416
17	Ермаченко Игорь Григорьевич	20-315-029-685	Жиенқұлова көшесі, 40-үй	жалпы-0,0316 үлесі-0,0071
18	Белоносова Наталья Леонидовна	20-315-029-685	Жиенқұлова көшесі, 40-үй	жалпы-0,0316 үлесі-0,0245



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 10 айға – 5361,2 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 10 айға – 7361,2 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 10 айға – 3361,2 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәт-те ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

19	Липихин Александр Иванович, Лашина Вера Ивановна, Лепихина Ульяна Трофимовна, Лепихин Сергей Иванович	20-315-029-736	9-шы Кирпичнозаводская, 10-үй	0,0555
20	Луконин Сергей Александрович, Дурнев Павел Александрович	20-315-029-134	Жиенқұлова көшесі, 56-үй	0,0348
21	Алтожаева Нұрсұлу Сенткеримовна	20-315-029-002	Жиенқұлова көшесі, 58-үй	0,0288
22	Дурнев Павел Александрович, Луконин Сергей Александрович	20-315-029-752	9-шы Кирпичнозаводская көшесі, 6-үй	0,0117
23	Мимикенова Бальжан Сабитовна, Мимиков Махмет Дуненбаевич	20-315-029-067	Панфилов көшесі, 240 А үй	0,0661
24	«KAZKOM Realty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-029-554	Жиенқұлова көшесі, 72-үй	жалпы-0,0571 үлесі-0,0182
25	Покидова Ирина Михайловна, Лепихин Виктор Алексеевич, Лепихин Андрей Андреевич, Лепихина Елена Андреевна	20-315-029-554	Жиенқұлова көшесі, 72-үй	жалпы-0,0571 үлесі-0,0389
26	Аманбеков Ербол Кенесбекович, Аманбекова Шынар Кенесбековна	20-315-029-766	Жиенқұлова көшесі, 29 А үй	0,0626
27	Баймұхамбетова Лейля Абдыкасымовна	20-315-029-587	Жиенқұлова көшесі, 35-үй	0,0393
28	Марданов Тлепберген	20-315-029-006	10-шы Кирпичнозаводская көшесі, 54-үй	0,0465
29	Маманов Назым Каблакатович	20-315-029-549	Жиенқұлова көшесі, 60-үй	0,0327
30	Сатыбалдинова Нұрлыхан Тусупкановна	20-315-029-066	Жиенқұлова көшесі, 68-үй	0,0299
31	Хмель Алексей Владимирович	20-315-029-909	Жиенқұлова көшесі, 50-үй	0,0259
32	Ерольский Борис Филиппович	20-315-029-115	8-ші Гвардиялық Дивизиясы көшесі, 77-үй	жалпы-0,0798 үлесі-0,0183
33	Закирова Захидам Садыковна	20-315-029-115	8-ші Гвардиялық Дивизиясы көшесі, 77-үй	жалпы-0,0798 үлесі-0,0615
34	«KAZKOM Realty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-029-358	11-ші Кирпичнозаводская көшесі, 26-үй	жалпы-0,0569 үлесі-0,0244
35	Оразханова Калыш	20-315-029-358	11-ші Кирпичнозаводская көшесі, 26-үй	жалпы-0,0569 үлесі-0,0125
36	Наметов Маликжан Намутжанович	20-315-029-556	8-ші Гвардиялық Дивизиясы көшесі, 89-үй	0,1410
37	Умаров Алим	20-315-029-207	8-ші Гвардиялық Дивизиясы көшесі, 99-үй	0,0513
38	Карлова Елена Юрьевна	20-315-029-698	Алдар Көсе көшесі, 3-үй	0,0233
39	Чирикова Зинаида Григорьевна	20-315-029-709	Жиенқұлова көшесі, 55-үй	жалпы-0,0308 үлесі-0,0103
40	Малиновская Кристина Сергеевна, Малиновская Светлана Сергеевна	20-315-029-709	Жиенқұлова көшесі, 55-үй	жалпы-0,0308 үлесі-0,0102
41	Мамонтов Вячеслав Александрович	20-315-029-709	Жиенқұлова көшесі, 55-үй	жалпы-0,0308 үлесі-0,0052
42	Мамонтов Владимир Александрович	20-315-029-709	Жиенқұлова көшесі, 55-үй	жалпы-0,0308 үлесі-0,0051
43	Рудик Денис Николаевич, Ямшанова Анна Викторовна	20-315-029-190	Тайманов көшесі, 25-үй	0,0425
44	Розахунова Ризвангуль Полатовна	20-315-029-478	Тайманов көшесі, 58-үй	0,0220
45	Черняльева Алеся Владимировна, Абраменко Андрей Владимирович,	20-315-029-768	9-шы Кирпичнозаводская көшесі, 14-үй	жалпы-0,0406 үлесі-0,0203
46	Седышева Валентина Витальевна, Седышева Вероника Анатольевна	20-315-029-768	9-шы Кирпичнозаводская көшесі, 14-үй	жалпы-0,0406 үлесі-0,0203
47	Мейрамқұлова Куляш Садыковна	20-315-029-395	Жиенқұлова көшесі, 59-үй	0,0243
48	Пахтусова Марина Арнольдовна	20-315-029-767	9-шы Кирпичнозаводская көшесі, 20-үй	0,0226
49	Турсбекова Гулжамал Курбановна, Абдрахманова Айдаңа Нұрханқызы	20-315-029-497	Жиенқұлова көшесі, 57-үй	жалпы-0,0354 үлесі-0,0177
50	Емельянов Андрей Викторович	20-315-029-497	Жиенқұлова көшесі, 57-үй	жалпы-0,0354 үлесі-0,0177
51	Ли Наталья Владимировна	20-315-029-068	8-ші Гвардиялық Дивизиясы көшесі, 61-үй	0,0491
52	Байғазиев Нұрлан Сарсенбаевич	20-315-029-525	Тайманов көшесі, 37-үй	0,0466
53	Ситников Вячеслав Яковлевич	20-315-029-014	8-ші Гвардиялық Дивизиясы көшесі, 75-үй	0,0914
54	Чупина Эльмира Людвиговна	20-315-029-011	8-ші Гвардиялық Дивизиясы көшесі, 63-үй	жалпы-0,0774 үлесі-0,0300

55	Горохов Станислав Ананьевич	20-315-029-011	8-ші Гвардиялық Дивизиясы көшесі, 63-үй	жалпы-0,0774 үлесі-0,0474
56	Назаренко Борис Васильевич	20-315-029-389	8-ші Гвардиялық Дивизиясы көшесі, 83-үй	жалпы-0,0981 үлесі-0,0597
57	«KAZKOM Realty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-029-389	8-ші Гвардиялық Дивизиясы көшесі, 83-үй	жалпы-0,0981 үлесі-0,0385
58	Косачева Ирина Александровна, Такеев Нәзіл Бахитжанович	20-315-029-456	Жиенқұлова көшесі, 67/22 үй	жалпы-0,0306 үлесі-0,0185
59	Сантова Махирям Турсуновна	20-315-029-456	Жиенқұлова көшесі, 67/22 үй	жалпы-0,0306 үлесі-0,0121
60	Салмин Анатолий Иванович	20-315-029-760	Жиенқұлова көшесі, 76 А үй	0,0454
61	Гараева Найля Зариповна	20-315-029-140	Тайманов көшесі, 39-үй	0,0312
62	Денисова Людмила Владимировна	20-315-029-751	Тайманов көшесі, 82 А үй	жалпы-0,0495 үлесі-0,0233
63	Платонова Виктория Евгеньевна, Ильина Светлана Михайловна, Платонова Милана Александровна	20-315-029-751	Тайманов көшесі, 82 А үй	жалпы-0,0495 үлесі-0,0262
64	Платонов Марк Александрович	20-315-029-751	Тайманов көшесі, 82 А үй	жалпы-0,0495 үлесі-0,0105
65	Скорород Ольга Александровна	20-315-029-771	9-шы Кирпичнозаводская көшесі, 23-үй	жалпы-0,0486 үлесі-0,0162
66	Симакова Лариса Александровна,	20-315-029-771	9-шы Кирпичнозаводская көшесі, 23-үй	жалпы-0,0486 үлесі-0,0162
67	Троян Валентина Николаевна	20-315-029-771	9-шы Кирпичнозаводская көшесі, 23-үй	жалпы-0,0486 үлесі-0,0162
68	Амирешова Ботагоз Жомартовна	20-315-029-508	11-ші Кирпичнозаводская көшесі, 28-үй	0,0585
69	Шмыгалова Светлана Сергеевна	20-315-029-390	8-ші Гвардиялық Дивизиясы көшесі, 95-үй	жалпы-0,0793 үлесі-0,0421
70	Макустова Перида Садыковна, Макустов Ильшат Закирович, Макустов Ришат Закирович, Макустов Шакир Закирович, Макустов Ильшат Закирович	20-315-029-390	8-ші Гвардиялық Дивизиясы көшесі, 95-үй	жалпы-0,0793 үлесі-0,0372
71	Кожевников Николай Юрьевич	20-315-029-383	Тайманов көшесі, 54-үй	0,0273
72	Доля Алексей Анатольевич	20-315-029-394	9-шы Кирпичнозаводская көшесі, 37-үй	0,0212
73	Естефеева Любовь Петровна	20-315-029-393	Жиенқұлова көшесі, 41-үй	жалпы-0,0379 үлесі-0,0347
74	Надырова Зивайрам Теиповна, Надыров Талғат Абаевич	20-315-029-203	8-ші Гвардиялық Дивизиясы көшесі, 71-үй	0,1251
75	Никитина Валентина Константиновна	20-315-029-105	8-ші Гвардиялық Дивизиясы көшесі, 65-үй	0,0678
76	Зайцева Клавдия Борисовна	20-315-029-654	9-шы Кирпичнозаводская көшесі, 37-үй	жалпы-0,0499 үлесі-0,0255
77	Бердыхожаева Зауреш Кисамиевна	20-315-029-654	9-шы Кирпичнозаводская көшесі, 37-үй	жалпы-0,0499 үлесі-0,0244
78	Зуляров Тахиржан Маринович	20-315-029-205	8-ші Гвардиялық Дивизиясы көшесі, 97-үй	жалпы-0,069 үлесі-0,0272
79	Қадырова Гульмира Ахметовна, Қадыров Тахир Нұрмұхаметович	20-315-029-172	8-ші Гвардиялық Дивизиясы көшесі, 91-үй	0,0458
80	Насыров Эльдар Миришкарлович	20-315-029-384	Тайманов көшесі, 56-үй	0,0483
81	Кулайбергенова Баршагул Амантаевна	20-315-029-032	Жиенқұлова көшесі, 63-үй	жалпы-0,0633 үлесі-0,0209
82	Еңсебаева Зарина Булатовна, Еңсебаев Данияр Булатұлы, Ағибаева Анарқұл	20-315-029-697	Жиенқұлова көшесі, 71-үй	жалпы-0,0239 үлесі-0,0120
83	Кунадилов Жанат Гайратович	20-315-029-697	Жиенқұлова көшесі, 71-үй	жалпы-0,0239 үлесі-0,0119
84	Костюченко Нина Тихоновна,	20-315-029-702	Алдар Көсе көшесі, 5-үй	0,0850
85	Колбасина Анастасия Гавриловна, Колбасина Галина Ивановна	20-315-029-345	Тайманов көшесі, 80-үй	0,0605
86	Лопатин Виктор Николаевич	20-315-029-339	Тайманов көшесі, 60-үй	жалпы-0,0517 үлесі-0,0207
87	«KAZKOM Realty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-029-339	Тайманов көшесі, 60-үй	жалпы-0,0517 үлесі-0,0310
88	Бородина Елена Павловна	20-315-029-146	Тайманов көшесі, 21-үй	жалпы-0,0687 үлесі-0,0345
89	Голенко Григорий Петрович	20-315-029-146	Тайманов көшесі, 21-үй	жалпы-0,0687 үлесі-0,0342
90	Камердинов Садырдин Джамалдинович	20-315-029-060	9-шы Кирпичнозаводская көшесі, 24-үй	0,0326
91	Кичигин Валерий Валерьевич	20-315-029-749	Жиенқұлова көшесі, 49-үй	0,0216
92	Надыров Талғат Абаевич, Надырова Мунирам Абдикимовна	20-315-029-344	Тайманов көшесі, 78-үй	0,0693



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейтқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына: +7 707 862 30 08 телефондары арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Апталық таралымы – 18 412 Кезекші редактор – Айнабай МӘДИ
Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VRY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясының Бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

МЕРЕКЕЛІ АЛМАТЫ

Мегаполисте мейрам күні қандай іс-шаралар өтеді?



Мерекенің көркін қыздыратын іс-шаралар қала аудандарының барлығында ұйымдастырылады. Алматы мектептерінде сынып сағаттары мен ашық сабақтар, қалалық кітапханаларда кітап көрмелері мен әдеби сағаттармен жалғасады.

- «Сенім» әлеуметтік қызметтер орталығында «Алғыс айту – парызым» концерті өтеді. Басталуы сағат 10.30. Ал «Жаңа ғасыр» жастар театрының актерлері сағат 11.00-де №2 қалалық балалар үйінде «Арыстан патша» қойылымын ұсынады.
- Мемлекеттік қуыршақ театрында сағат 11.00-де «Алладиннің сиқырлы шамы», ал 16.00-де «Арыстанның қорқынышын қалай емдеуге болады?» спектакльдері көрсетіледі.
- 11.00-де Ахмет Байтұрсынов мұражай-үйінде ғалымдар, тарихшылар мен алаштанушылардың қатысуымен Алғыс айту күніне орайластырылған дөңгелек үстел өтеді.
- 15.00-де Alatau Creative Hub-та мектеп оқушылары арасында «Алғысқа толы ақ жүрек!» поэтикалық конкурсы болады.
- Дәл осы уақытта Д.А.Қонаев музейінде мерекеге орай «Құрметті Дінмұхамед Ахметұлы» хаттар көрмесі ашылады.

• Н.Тілендиевтің мемориалдық музейінде сағат 16.00-де «Ризашылық мейірімділік бұлағы» атты мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылады.

Алматы қаласының волонтерлік ұйымдары мереке күні қалалық коммуналдық қызметтерге шай мен бауырсақ таратуды және қаланың пансионаттарында жалғызбасты зейнеткерлерді құттықтауды ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, қаланың әрбір комьюнити-орталығында концерттер мен түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылады. Қала аудандары да мерекені атап өтеді.

• **Түрксіб ауданы:** 29 ақпан күні №6 Оқушылар үйінде Алғыс айту күніне арналған «Алғысым шекіз, халқыма!» атты концерттік іс-шара өтті.

• **Наурызбай ауданы:** 1 наурыз күні сағат 12.00-де «Шұғыла» ш/а, 347/4 мекенжайда оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында мерекелік концерт өтеді.

• **Әуезов ауданы:** сағат 12.00-де Алматы сервистік қызмет көрсету колледжінде Қабдолов көшесі, 12 мекенжай бойынша ауданның шығармашылық ұжымдарының қатысуымен мерекелік концерт ұйымдастырып отыр.

Айта кетейік, мереке қарсаңында 29 ақпан күні Мемлекеттік мұрағатта Алматы қаласының этномәдени қоғамдық бірлестіктері өкілдерінің қатысуымен «Алғыс айту – асыл қасиет» «дөңгелек үстел» ұйымдастырылды.

Әзірлеген Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

АҚҚҰТАН, ҮЙРЕК...
Сайран көліне құстар келе бастады

Естеріңізде болса, Алматыда алғаш рет қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен Сайран көлі тазартылған болатын. Бұл жұмыс былтыр тұрғындардың тұнба мен қамыстың піріген иісіне шағымның көбеюіне байланысты жүргізілді.

1971 жылдан бері тазартылмаған көлдің түбінен және жағасынан 140 мың текше метрден астам қоқыс пен лай шығарылды. Содан бері Сайран қала тұрғындарының демалатын және серуендейтін сүйікті орнына айналды. Алматылықтар бұл манда серуен құрса, ал жағалауда аққұтандар балық аулайтын болды.

Мұны фотограф Дмитрий Доценко байқап қалып, аққұтанның көкбас балығын аулап тұрғанын суретке түсіріп алыпты. «Бұл біздің Алаудың эндемик балығы. Сондықтан менде өте құнды сурет бар! Ойлап қараңызшы, 2024 жылы екі миллион тұрғыны бар мегаполистің қақ ортасында ғажайып табиғатты көре аласыз! Бұл ғажайып нәрсе ғой, оны қорғау керек!», – дейді алматылық фотограф өзінің Instagram парақшасында.

Айта кетейік, биыл Алматы әкімдігі Әуешай көлі мен Қарасу көлін тазартуды жоспарлап отыр.

Ернұр РЫСБАЙ.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ҮРКЕР ЖАМБАСҚА ТҮСТІ...

Алғашқы жылымық көрініс берді. «Толқыма» амалы жүріп жатыр

Жыл басы – Наурыз табалдырықтан аттады. Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бұл көктемнің алғашқы айы. Ал қазақы есеп – қазақы пайымға сүйенсек, қыс тоқсаны наурыз айының 15-іне шығады (оңтүстік аймақта). Наурызды біршек айы, сүрдің айы, қасқырдың жерік айы деп те атайды. Осы кезде жем іздеген қасқырлар қораға шабады. Адамдар өміріне қауіп төндіреді.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Қазекен наурыз айының алғашқы 15 күні құдайдікі, екінші 15 күні шаруанікі деген. Айдың басы жауын-шашынды, ауа райы тұрақсыз болып басталады. Шаруаға қолайсыз көріністер көп кездеседі. Ал екінші жартысы түрлі жағымсыз құбылыстан ада болады. Шаруалар үшін қолайлылық танытады.

Қазір күн недәуір жылынды. Қалың қарлардың көбесі сөгіліп, сай-саланы қуалап жарыса су ағуда. Алғашқы жылымық көрініс берді. «Толқыма» амалы жүріп жатыр. Осы уақытта ауа райы тұрақсыз болғандықтан осылай аталса керек.

Наурыз айының онынан бастап жаңа амал – Әз-Наурыз кіреді. Ол келгенде күн жылынып, қар еріген үстіне ери түседі. Көп көже, тілеу көже, көк көже деген бұл амалдың жанама аттары бар. Осы мезгілде малшылар қатты аяздың өткенін сүйіншілеп бір қыстаудан екіншісіне қыдырып баратын болған. Әз сөзінің жақсы, игі деген мағынасы бар. Аяздың біткенін, жақсы күннің келгенін білдіру үшін әз атауын қойса керек. Әз-Наурыз амалы айдың 10 жаңасынан 15 жаңасына дейін жалғасады.

Шығыс аймақтарының қазақтары жеті дәмнен құралған көже қайнатып, бірін-бірі шақырысып, маз-мәйрәм болады. Наурыз көжені Наурыз мерекесін күтпей-ақ, қазір қолданып жүрген күнтізбе бойынша 15 наурыздан бастай берген. Наурыздың

15-інен 16-сына қараған күні қой құмалағы қарға батып кетсе, жақсылыққа санап, ырым еткен. Сол 15-і күні халық қыс жұлдызы бітіп, жаз жұлдызы туады деп есептейді. Шынында да, жұлдыз ауысады.

Бұл амал туралы: «әз болмай, мәз болмас», шаңқан келмей, бөз болмас, шағала келмей, жаз болмас» деген мақалдар сақталған. Әз келгенде кір жуып, тырнақ алуға болмайтындығы жөнінде ескерту де бар.

Әз дүркіреп өте шығады, әз кіргенде қой жайылмай, көкке қарап тұратын көрінеді. Жазғы тұрымғы сағымның әсерінен бүкіл

табиғат тұнық болып, төңірек түгел тыныштыққа бөленеді екен.

Бүгін григорианша наурыз айының – 2-сі. Ай күнтізбесі бойынша, ақпанның – 20-сы. Қазақша ақпанның – 7-сі. Алдағы аптада (2–9 наурыз аралығында) аздап қар қылаулап, оқтын-оқтын жаңбыр жаууы әбден мүмкін. Өткен жолы жаңа туған айды көргенбіз. Бір ұшы ғана көтеріліп, шалқалап жатыр. Бұл шаруаға қолайсыз болатынын білдірсе керек. Бірақ күн өткен аптадағыдан да жылы болады. Еріген қар мен аққан қар суларының көлемі бұрынғыдан көбейеді.

«Қыстың бір күні қалса – қауіп» деген ғой бұрынғылар, тоқсанның шығуына әлі 12 күн бар, сондықтан да қамданған абзал. «Қамданған қапы қалмайды» дегенді айтқан да бабалар. Қоян жылы әлі біткен жоқ, көкше қоян әлі кеткен жоқ.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Табиғат құбылыстарына қарап жасалған жорамал

КӨКТЕМДЕ:

- * Күн көп күркіресе, егін, шөп мол шығады.
- * Көктемнің басында қарға суға шомылса, күн жылынады.
- * Таң күңгірт тартып, күн манаурап көрінсе, жыл жауынды-шашынды болады.
- * Таң шапағы шашырап атса, ол жылы молшылық, береке орын алады.
- * Таң өрттей қызарып атса, ол жылы жұт, апатты жағдайлар болуы мүмкін.
- * Наурыз мерекесі күні қар жауса, ол жылы жақсылық көп көрініс береді.

